



**АҚШ
САПАРЫНЫҢ
БЕРГЕНІ МОЛ**

2-бет



**АПАТ
АЙТЫП
КЕЛМЕЙДІ**

3-бет



**ЗЕЙНЕТАҚЫ
ДАУЫ**

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№11 (3542) 10 ақпан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТҮРКИЯ ЕЛШІЛІГІНЕ БАРДЫ



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның Қазақстандағы елшілігіне барып, көңіл айтты. Мемлекет басшысы бауырлас елдің оңтүстік-шығысында болған алапат зілзала салдарынан мыңдаған адамның қаза табуына байланысты қайғыра отырып, Қазақстанның зілзала салдарын жоюға жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді. Сондай-ақ, Президент көңіл айту кітабына: «Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп адамның қаза болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік бауырларымызға көңіл айтамын», – деп жазды.

Әлем назарын өзіне аударған жойқын апаттан қаза болғандарға, зардап шеккендерге көмек қолын ұсынушылар көп. Оның қатарында Қазақстан да бар. Құтқару қызметімен қоса, Қазақстан өз азаматтарын, одан бөлек көршілес елдердің азаматтарын эвакуациялап жатыр. Мәселен, кеше елге оралған арнайы бортпен Түркиядан елімізге 64 адам жеткізілді. Олардың арасына Газиантеп қаласынан ұшқан Қазақстанның – 42, Қырғызстанның 22 азаматы бар. Қазір зілзала кезінде жоғалып кеткен Қазақстан азаматтары іздестіріліп жатыр. 8 ақпан күні Сабина Мамадырова аман есен табылды.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ,
жазушы, Халықаралық Алаш әдеби
сыйлығының иегері:

«САЙЛАУДЫҢ ШЫНАЙЫ ЕЛ ЖАНАШЫРЛАРЫНА ЖОЛ АШАТЫН КЕЗЕҢІ АЛДА»

– Әдеке, бүгінде халықтың ойы да, сөзі де Парламент Мәжілісінің сайлауына ойысып тұрған жайы бар. Әсіресе, әлеуметтік желідегі сайлау дабырынан «құлақ тұнғандай». Бұл үрдісті қалай бағалайсыз? Өзіңіздің сайлауға түсу ойыңызда бар ма?

– Парламент сайлауы – демократиялық өлшемдерге сай мемлекетті басқару ісіне халықты тартудың әлемде орныққан жүйесі. Елімізде бұл саяси науқан Конституцияға былтыр енгізілген өзгеріске байланысты жаңарған Қазақстанға бет алып жатқан тұста өтуде. Оған мажоритарлық жүйемен жекелеген адамдар да қатыса алады. Десе де, менің байқағаным бұл үрдіске партиялар ықпал ететін секілді. Себебі, бір мандатпен түсуге мүмкіндігі барлар қоғамға белгілі, елдің алдында қайраткерлігімен танылып жүрген ары кетсе он-он бес адам ғой. Сондай тұлғалар өз күшімен өтуі мүмкін. Басқалары бұл сайлауға белгілі бір партияның өкілі ретінде қатысады.

– Сонда бір мандаттық жүйе демократияның имитациясы болғаны ма?

– Бірден солай деп кесіп айтуға болмас. Жалпы, даму заңдылығы бойынша бәрі бірден мінсіз жүзеге аспайды. Сондықтан бір мандатты үміткер жүйесі де осындай қалыптасу кезеңінен өтеді. Бұл – менің субъективті пікірім. Сайлауға түсу кең ауқымды дайындық жұмысын қажет етеді. Ең алдымен әр сала бойынша білікті мамандардан құралған үлкен команда керек және уақыт қажет. Оларды бір сәтте төңірегіңе жинау қиын. Егер сен капиталист болсаң әңгіме басқа. Олар өз имиджін жылдар бойы қалыптастырады. Дәулетті адамның қашанда ел назарында жүретіні белгілі. Қазақ айтқан ғой «жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы» деп. Бай болған соң қоғамға қандай да бір еңбегі сіңбесе де беделі болады. Сондықтан олар депутаттыққа түсіп жатса дауыс алып кетуі мүмкін. Бірақ кәсіпкерлердің бір осал тұсы – кең ауқымда ойламайды. Тек бәрін өз саласы бойынша өлшеп, пішеді. Сондықтан халық шаруашылығының, жалпы қоғамның дамуына сай заңдарға өз мүддесі тұрғысынан қарап, елдің дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

(Соңы 5-бетте)

ТАЛҚЫ

ЖУРНАЛИСТЕР ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА ҚАРСЫ

«Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады.



Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ, мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек», – деген еді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Ол мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керектігін мәселе етіп қойды. Жоба бойынша арнайы жұмыс тобы құрылып, оған журналистер, сарапшылар, заңгерлер тартылғанда бұл бастамаға үміт артқандар аз болған жоқ. Алайда ашық нормативтік құқықтық актілер порталында талқылауға ұсынылған «Масс-медиа туралы» заң жобасы сол үмітті су сепкендей басты. Сәрсенбіде БАҚ туралы жаңа заңның жобасын бір жылға жуық талқылап, құзырлы органға түрлі ұсыныс-пікірлерін берген жұмыс тобы мүшелері де Алматы мен Астанада арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, үндеу жариялады.

(Үндеу мәтінімен Zanmedia.kz сайтында таныса аласыздар)

(Соңы 3-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

Қазақстан судьяларының делегациясы «Ашық әлем» бағдарламасына сай АҚШ-та болды. Сапар барысында делегация құрамында болған Астана қалалық сотынан А.Раимбаев, Павлодар облыстық сотынан С.Тасмамбетова, Түркістан облысы Арыс қалалық сотынан С.Умаров, Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотынан Д.Бейсебаевтармен бірге Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотынан мен қосылып АҚШ-тың сот жүйесінің жұмыс барысымен, тәжірибесімен танысудың сәті түсті.



Қазақстандық судьялар Вашингтонда АҚШ-тың сот әкімшілігі басқармасының өкілдерімен кездесіп, сот қызметі департаментінің жетекшілерімен, «Ашық әлем» көшбасшылар орталығының атқарушы директорымен, АҚШ мемлекеттік департаментінің сот органдарымен байланыс жөніндегі офицерімен, сондай-ақ, Вирджиния штатының федералды судьясымен кездесті. Жүздесулер барысында АҚШ-тың сот жүйесінің жұмысы, федералдық соттар мен штаттағы соттардың өзара байланысы, істерді бірінші және апелляциялық сатыда қараудың ерекшеліктері бойынша құнды мәліметтер айтылды.

АҚШ-тың Жоғарғы Соты штаттар арасындағы дауларға төрелік жасайды, шетел мемлекеттерінің елшілеріне қатысты істерді қарайды, сонымен қатар, төменгі саты соттарының шығарған шешімдеріне шағым түскенде істерді таразы басына салады. Сапар барысында штаттағы университетте Қазақстанның ұлттық сот жүйесі туралы студенттерге дәріс оқылып, шара соңы оқытушылар мен студенттер арасындағы қызу пікірталасқа ұласты.

Аризона штатына барғанда әріптестермен бірге заңгерлер қауымдастығының, заңшығарушы органның қызметімен танысуға мүмкіндік туды. АҚШ соттарының ең басты ерекшелігі, мұнда сот өндірісіне түскен істердің 5 пайызын ғана судьялар толық қарайды. Ал қалған 95 пайыз істің бір бөлігі оңайлатылған тәртіпте қаралса, басым бөлігі медиация арқылы өз шешімін табады.

Дәл осы тенденция соттың кез келген сатысында кездеседі. Қос тарапты татуластыру мәселесі міндетті қадам болып табылатынын да айта кеткен жөн. Әсіресе, азаматтық істерде медиативтік келісім нәтиже бермегенде ғана тараптар дауы сот құзырына ұсынылады.

АҚШ-тың Жоғарғы Соты мен федералды соттарда, сондай-ақ, Аризона штатындағы соттарда сот отырысынан фото және бейне түсірілім жасауға тыйым салынған. Мұндай шара сот отырысына қатысушыларды алаңдатпау мақсатында, істі қарауда жеке деректерді қорғау үшін қолданылған. Соған орай, сот отырысына қатысушылар залға кірген соң ұялы телефондарын сөндіріп қояды. Ал егер сот отырысына байланысты БАҚ өкілдерінен сұрақ туындаған жағдайда оған арнайы қызмет өкілдері жауап береді. Судьялар сот процесін жария етіп, сот органдарының көзқарасын БАҚ-та көрсету ісіне қатыспайды.

Алайда, барлық сотта процестер дыбыс-бейне таспаға жазылады. Ал Аризона штаты Жоғарғы Сотының сайтында көпшілік қызығушылығын тудырған, ел назарында тұрған істер тікелей желі арқылы көрсетіледі. Бірінші саты соттары орналасқан ғимараттардың бірінші қабатында заңдық кітапхана жұмыс істейді. Онда студенттерден құралған еріктілер тобы судьялармен бір деңгейде қызмет етеді. Осы жерде азаматтар сот тәжірибесімен жан-жақты танысып, өз арыз-шағымын сотқа жолдай алады.

АҚШ пен штаттардағы Жоғарғы

АҚШ САПАРЫНЫҢ БЕРГЕНІ МОЛ

Соттар қарауы тиіс істердің сатылығы бекітілмеген. Судьялар дауыс беру арқылы өзі қарайтын істерді таңдайды. Соның ішінде маңызды, ел қызығушылығын тудырған істер мен өлім жазасын тағайындауға қатысты істерді қарауға таңдау жасалатынын айта кеткен жөн.

Аризона штатының Жоғарғы Сотында сот отырысына қатысатын адвокаттарға белгілі бір шектеу бар. Соған сай қатардағы істерге қатысқан адвокаттар процесс барысында бар айтарын 20 минутқа сыйғызуы тиіс. Тек өлім жазасын тағайындаумен байланысты істерде ғана адвокаттардың сөйлеуіне 25 минут беріледі.

Штаттың Жоғарғы Соты тоқсанына бір рет көшпелі сот отырысын өткізеді. Мұндай сапарларда істер ғана қаралып қоймай, судьялардың азаматтармен кездесуіне мүмкіндік

сот тараптарының, сондай-ақ, өзге соттардың пікірі назарға алынады. Жиналған ақпараттарға талдау жүргізу сырттан шақырылған маманның көмегімен жүргізіледі.

Судьялардың әдеп қағидаларын сақтамауына байланысты қолданылатын шаралар ұқсас. Тек бұл жерде сот төрағасының ресми шағым түспесе де, өзіне жеткен ақпаратқа сай шешім қабылдауға құқығы бар. Ақпаратта көрсетілген деректер анықталған жағдайда төраға судьяға жеке немесе көпшілік алдында сөгіс бере алады.

Федералдық сот орталығы АҚШ үкіметінің сот билігінің ағартушылық және ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады. Оған АҚШ Жоғарғы Сотының төрағасы жетекшілік етеді. Төраға жұмысты бақылап отыру үшін 7 федералдық судьяны тағайындайды.

істерін ұйымдастыруға да ерекше ден қойылған. АҚШ-та кәмелетке толмағандар соты бар, ең қызығы онда судья немесе алқаби ретінде осы сотта жазасын алған жасөспірімдер қатысады. Мұның өзі жасөспірімді жаза басудан сақтары күмәнсіз. Сот отырысына жасөспірімнің ата-анасы немесе қамқоршысының қатысуы міндетті. Ал айыпты орындығына отырған бала белгілі бір мерзімге қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тартылады. Бұл жасөспірімдердің өз қатесінен сабақ алып, жаңа өмір бастауына, түзелуіне ықпал етеді.

Ал прокурорлар жұмысына келсек, мұнда қадағалаушы орган өкілдері азаматтық істер қаралатын сот отырыстарына қатыспайды. Прокурорлар тек мемлекет мүддесі қорғалатын істерге қатысады.

Сот отырысына қатысатын алқабилерге ерекше жағдай жасалған. Соның ішінде демалатын бөлме, кітапхана, бөлек асхана, балаларға арналған бөлме, ақылдасу бөлмесі қарастырылған. Онда алқабилер жұмысына қатысты бейнероликтер үзбей көрсетіліп тұрады. Әрі алқабилер өзінің міндеті мен құқығына, алдағы қадамдарына сауатты түсіндірме беретін бұл роликтерді сот отырысына қатысар алдында толық көріп, танысып шығуы керек.

АҚШ-тағы судья – өте мәртебелі, құрметті лауазым. Қай басылымды қарасаңызда Судья деген сөздің бас әріппен жазылатынын байқайсыз. Өз кезегінде судьялыққа да тек заңдық ортада үлкен беделі бар, ел сыйлайтын, елу жастан асқан азаматтардың таңдалатынын айта кеткен жөн. Судьялықтан үміткерлер заңгерлер қауымдастығының мүшесі болып, адвокатура, прокуратурада болсын мінсіз қызметімен көзге түсуі керек.

Айбарлы АҚШ-қа барып, өркениетті елдің сот жүйесімен жан-жақты танысқан бұл сапар біздің делегация үшін айтарлықтай пайдалы болды. Жалпы, қазақстандық соттың барын бағалап, жоғын түгендеуде мұндай іссапарлардың берері мол.

М.САДЫҚОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы



туады. Барлық сотта сот жұмысының сапасына, пәрменділігіне баға беріледі. Осы ретте бағаның жекелеген соттарға емес, штаттағы соттар жұмысының қорытындысына қарап берілетінін ескерген дұрыс. Негізгі критерий екі мәселеге байланысты анықталады. Оның біріншісі – әділ-төреліктің орындалу сапасы, екіншісі – қоғамның сотқа деген сенімінің жоғарылуымен өзектес. Бұл бағдарлама JPE деген аталады. Бағалау кезінде құқықтық білімнің деңгейіне, сатылмаушылық пен бейтараптық, коммуникативтік дағдысына, кәсіби шеберлік пен мінезге, сонымен қатар, қаралатын істі ұйымдастыру деңгейіне мән беріледі. Ол үшін адвокаттар арасында сауалнама жүргізіліп, сот қызметкерлерінің, құқық қорғау органы қызметкерлерінің,

Штаттағы басқа соттарда да Жоғарғы Сот судьясы жетекшілік ететін дәл осындай құрылымдар бар. Сондай-ақ, штаттың Жоғарғы Сот судьясынан бастап барлық судьяларының біліктілігін көтеруі міндетті әрі оның мерзімі нақтыланған. Оған жылына орта есеппен бір апта уақыт беріледі.

Соттағы аудармашылардың істі қараудағы қызметі де қызығушылық тудырады. АҚШ-та аудармашылардың арнайы әдеп кодексі бар. Сонымен қатар, аудармашылардың сот отырысына қашықтан қатысуына да мүмкіндік берілген. Бұл аудармашылардың уақытын үнемдеуіне, қызметін тиімді атқаруына көмектесері анық.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін сот

БІЛГЕН ЖӨН

МҰРА ШАРТ АРҚЫЛЫ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ

Елімізде меншік, оның ішінде мұрагерлік құқық Ата Заңмен келіпдендірілген. Өйткені, адам баласы үшін жекеменшік құқығының маңызы зор. Қазақстан азаматтары тегі мен біліміне, ұлтына, наным-сеніміне, қызметіне, өзге де жағдайларына қарамастан мұрагер болады. Заңмен реттелген нормаларда көзделмесе ешкімнің де құқығы мен әрекет қабілеттілігіне шектеу қойылмайды. Азаматтық кодекспен айқындалғандай, қайтыс болған адамның меншік құқығы мұрагерлеріне ауысады және ол басқа адамға өсиет немесе заң бойынша мұрагерлік жолымен өтеді.

Мұра азаматтың өмірден озғаны не оның қайтыс болғаны сот шешімімен жарияланған кезде мүлік немесе мұра қалдырушының соңғы мекенжайы орналасқан аумақтағы нотариуста алты ай ішінде ашылады. Ал, оның ашылу уақыты болып мұра қалдырушының көз жұмған немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күн есептеледі. Мұрагер белгіленген мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алса, ол себептер жойылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей сотқа жүгінуге құқылы. Өткізілген мерзім оның өтінішінің негізінде сотпен қалпына келтіріледі және мұрагер мұраны қабылдады деп танылады.

Мұрагерлікке құқық туралы куәлікті алу үшін азаматтар алдымен нотариустың көмегіне жүгінугі тиіс. Жоғарыда айтып өткендей, мұрагер мұраны заңның қалдырушының негізінде қабылдайды. Өсиет қалдырылған, сонымен бірге тағдыры толығымен белгіленбеген мұра заң бойынша бөлінеді. Заң бойынша мұрагерлік құқығына бірінші кезекте туған балалары, жұбайы мен ата-анасы ие. Оларға мұра тең үлеспен бөлінеді. Ал, мұра қалдырушының немерелері мен өзге де ұрпағы

мұраға ұсыну құқығы бойынша ие болады. Аталған адамдар болмаған кезде мұра оның бауырларына, нақты айтқанда, аға-інілеріне, әпке-қарындастары мен ата-әжелеріне теңдей бөлінеді. Егер мұра қалдырушының заңмен айқындалған мұрагері жоқ болса, мұрагерлік құқығын үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі жақындары алады. Мұра мұрагерлердің келісімі бойынша оларға тиесілі үлеспен бөлінеді. Егер келіспеушілік туса оны бөлу сот тәртібімен жүргізіледі. Айта кетерлігі, мұрагерлік құқыққа сай, мұрагерлерге мұра қалдырушының борыштары ауысады. Мысалы, мұра қалдырушы банктерге борыштар болса, кредит берушілер өз талабын мұраны сенімгерлікпен басқарушы мен әрбір мұрагерге ауысқан мүлік құнының шегінде қоя алады.

Азаматтық кодекстің 1072-бабында көрсетілгендей, мұраны шартпен немесе ескертпелермен қабылдауға жол берілмейді. Сонымен қатар, қайтыс болды деп жарияланған адам тірі оралса немесе оның тұрған жері анықталса сот шешімінің күші жойылады. Мұрагерлердің мұрадан бас тартуы да заңмен нақтыланған. Бас тарту үшін мұрагер мұра ашылған жердегі нотариусқа алты ай ішінде дәлелді себептерін көрсетіп арыз береді. Мұрадан бас тартудың күшін жоюға, сондай-ақ, қайтарып алуға болмайды. Егер өсиет пен заң бойынша мұрагерлер болмаса немесе олардың бәрі бас тартса мұра иесіз қалған мүлік ретінде танылып, ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке өтеді. Мұрагерлік туралы істерге қатысты дауларды қарау кезінде мұра ашылған күнде қолданыста болған заңдар басшылыққа алынады.

Нұржан КАЛЫМЖАНОВА,
Түркісіб аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БЕЗБЕН

Жол көлік оқиғаларының алдын алуға қатысты ауқымды шаралар қолға алынып, құқық бұзушыларға жауаптылықтың көтерілгеніне қарамастан қара жолдағы қайғы азаймай тұр. Өкінішке қарай, мұндай жағдайдың басым көпшілігі масаң күйде көлік тізгіндеген жүргізушілердің кінәсінен орын алып жатады.

ҚАРА ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Статистикалық көрсеткіштерге қарағанда, жылына көлікпен байланысты апаттардан әлемде 1 миллионнан аса адам көз жұмады екен. Ал, Қазақстанда өткен жылы жол-көлік оқиғасынан қайтыс болғандар мен жарақат алғандардың саны бірнеше есеге артқан.

Өзекті мәселеге Мемлекет басшысының өзі бейжай қарамай, «Елімізде жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес. Сондықтан кешенді шаралар қолдану керек», – деген болатын. Президенттің тапсырмасы аясында Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстердің жол-көлік оқиғаларына қатысты баптары жаңартылып, жол ережесін бұзғандарға қолданылатын жаза мейлінше қатаңдалды. Бүгінде еліміз жол жүру ережесін бұзғандарға қатаң жаза қолданатын мемлекеттер қатарында.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 30-та-

рауы көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға арналған. Мәселен, жүргізуші көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқарса, не көлікті алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына берген жағдайда 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырады. Ал, жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ зиян келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарды, мүлікті бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келетінін атап өткен жөн. Көлік құралдарын, жүктерді, жолдарды, жолдағы басқа да құрылыстардың немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген, материалдық залал келтірген көлік құрал-

дары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын бұзуы 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады. Егер, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірсе 40 АЕК мөл-

шерінде айыппұл салынып 9 айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырады. Осы ретте өңірде 2022 жылы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 610-бабы бойынша 1835 іс, 608-баппен 381 іс, 611-баппен 65 іс қаралғанын атап өткен жөн.

Жол-көлік оқиғалары ең алдымен азаматтарға экономикалық шығын алып келеді. Екіншіден, моральдық соққы болады. Үшіншіден, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнеді.

Ата Заңымызда мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі екені көрсетілген. Сондықтан, қара жолдың тастай тәртібін сақтап, жанындағы сапарластарының өміріне жауапкершілікпен қарау – кез келген көлік жүргізушісінің міндеті болуы тиіс. Себебі, «қара жол – қателікті кешірмейді».

Лариса КЕНЖЕЕВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Адамзат тарихында әртүрлі апаттар болады. Солардың бірі – жер сілкінісі. Түркия мен Сирия осындай айтып келмейтін ауыр апатқа душар боп, қара жамылды. Сағат сайын өзгеріп жатқан мәліметтер Түркияда қаза тапқандардың саны 12 мыңнан асса, жапа шеккендердің саны 24 мыңға жуықтаған, Сирияда 3 мыңнан аса адам қаза тауып, 3749 адам жарақат алғанын айтуда.



Түркия Президенті Р.Ердоған еліне езіліп көңіл айта отырып, жеті күндік аза тұту рәсімін жариялады. 12 ақпан күні уәсына батқанға дейін Түркия мен басқа елдердегі Түркия елшіліктері алдындағы мемлекеттік тулар түсіріледі. Мыңдардың өмірін жалмап, миллиондардың жүрегін шерлі еткен апатқа түрік ағайындармен қатар күллі әлем қайғыруда. Қол ұшын созып, зардап шеккен провинция, аймақ, мемлекет тұрғындарына көмектесіп жатыр. Қираған үйінділердің астынан аман қалғандарды құтқару жұмыстары да үздіксіз жүргізіліп жатыр. Әлем назарын тіккен апаттан зардап шеккендер көп, жақынын жоғалтып зар еңіреген әке, ана, бауыр, бала

қасіретін сағат сайын, сәт сайын жарияланып жатқан ақпарат, сурет, бейне-көріністер айшықтап жатыр. Бейресми деректер қаза тапқандар мен зардап шеккендер санының ресми деректерден әлдеқайда көп екенін, кейбір қалаларға көмек тіпті, мардымсыз барып жатқанын айтады. 7.4 магнитті қуатқа ие жер сілкінісі қуатты елді есеңгіретіп тастады. Күтпеген зауал зардабын жою да оңай емес екені анық. Түркия Президенті Р.Ердоған жер сілкінісінен зардап шеккен 10 провинцияда 3 ай төтенше жағдай жарияланатынын айтты. Түркия билігі шұғыл көмек үшін алғашқы есеп бойынша 100 млрд лира бөлген. Апат орын алған аумақтарда 54 мың

шатыр, 102 мың керует, алғашқы кезге қажет керек-жарақтар мен 1000-дай жедел жәрдем вагондары, санитарлық ұшақтар мен 60 мыңға жуық құтқарушы жұмылдырылған. Бұдан бөлек, өңірге алыс жақын шетелдерден гуманитарлық көмектер мен ақшалай қаражат, еріктілер мен медицина мамандары ағылған.

Қазақстан қалтарыста қалмады

Бүгінгі таңда қазақстандық құтқарушылар оқиға ортасында жүр. Олар үйінді астында қалған адамдарды іздестірумен өзге де өзекті істердің басында жүр. Ел Президенті оқиға орын алған күні Түркия басшысы Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы хабарласып, күллі түркі бауырларға көңіл айтты. Сол телефон сөйлесу барысында ол Қазақстан да жедел түрде құтқарушылар қатарынан табылатынын, гуманитарлық, өзге де көмектер жолдайтынын жеткізген. Бүгінгі таңда Қазақстаннан барған алғашқы көмек адрес иелеріне жетіп, құтқарушылар мен еріктілер, дәрігерлер, төтенше жағдайлықтар міндеттерін адал атқаруға кірісіп те кеткен.

Түркиядағы ҚР Сыртқы істер министрлігі қызметі де төтенше жағдай қызметінде жұмыс жасауда. Қазіргі таңда зілзаладан зардап шеккен қазақстандықтарға көмек көрсету үшін сенім телефондарын ашты. «Енді СІМ 8 (7172) 72-05-00 телефоны арқылы Түркиядағы қазақстандықтардың туыстары көмек, ақыл кеңес сұрай алады.

Қазіргі таңда Түркияға өз ерік-



терімен волонтер болып барғысы келетіндер қатары көбейген. Соңғы ақпараттарға назар аударсақ, тіпті донор есебінде қан тапсыруға барған ел азаматтары жетерлік. Бұдан бөлек, жедел көмекке ұмтылғандардың арасында 125 қазақстандық дәрігер мен Апаттар медицинасы қызметкерлері де бар. Дәрігерлер тобына кіретіндер құрамында – 30 реаниматолог, 25 травматолог, 24 хирург, 20 нейрохирург, 16 терапевт тағы басқа да медицина мамандары бар. Бүгінгі таңда Қазақстаннан барған құтқарушылар тобы өздеріне бөлінген аймақта қызу, тоқтаусыз еңбек етіп жатыр.

Бұдан бөлек, сол елде тұратын қазақстандықтар зілзаладан зардап шеккендерге көмек қорын ашты.

Оқиға орнында жұмыс істеп жатқан ТЖМ бірінші вице-министрі Ибрагим Құлшымбаев жер сілкінісі болған жердегі жағдайдың өте ауыр екенін айтады.

«Қазіргі уақытта Ататүрік көшесінде үйінділерді тексеру жұмыстары жүруде. ҚР ТЖМ құтқарушылар тобы екіге бөлінген. Негізгі топ осыдан 100 метр жерде бір нысанда жұмыс істеп жатыр. Екінші топтағы 10 адам осында түрік құтқарушыларына үйінділерді тексеруге көмектесуде. Өйткені, үй толық қираған, оның астында біреу қалса, жедел құтқару керек», – деді ол отандық БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында.

Сонымен қатар, бүгін Президент Қ.Тоқаев ҚР Үкіметіне жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен Түркияға шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар бөлуді тапсырды.

Сейсмолог ел үрейін сейілтті

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Сейсмология институты директорының орынбасары Нұрсарсен Өзбеков Қазақстандағы жер сілкінісінің болу ықтималдығы жөніндегі ойын ортаға салды. Оның айтуынша, елде қауіпті аймақтар жоқ емес. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысынан Қызылордаға дейін сейсмикалық қауіпті жерлер біршама, олардың толқу динамикасы жеті балдан тоғыз балға дейін жетуі мүмкін. Бірақ 2023 жылы Алматы мен басқа өңірлерде мұндай қауіпті жер сілкінісі болмайды. Тосыннан келетін қауіпті құбылысты біздің мамандар жіті бақылап, арнайы есеп беріп отырады.

Қазіргі таңда елден бұдан өзге де материалдық көмектер жинастырылып, алдыңғы легі жөнелтіліп те жатыр. Құтқару қызметінің екінші легі де оқиға орнына аттанып кетуге әзір. Олардың қатарында құтқарушылармен қатар медицина мамандары, еріктілер де бар.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТАЛҚЫ

ЖУРНАЛИСТЕР ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА ҚАРСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сіз не дейсіз?

Есенгүл КӨПҚЫЗЫ,
«Мінбер» қорының жетекшісі:

«Жұмыс тобының көңілінен шықпады»



– «Масс-медиа туралы» заң жобасы биыл ғана талқылана бастады. Оған дейін «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңды талқылауды қолдағанбыз. Одан кейін ол ведомствоаралық комиссияның қарарымен қайта талқылауға жіберілді. Бірақ,

өкінішке қарай жұмыс тобына қатысып жатқан 60-тан астам азаматтық қоғам өкілдерінің ойлары, ұсыныстары ескерілмеген. Сондықтан біз бүгін осы жерге келіп отырмыз. Ең басты мәселе бұл жерде журналистердің құқығының кеңейіп емес, шектелуі. Бұл заң егер осы күйінде қабылданып кететін болса цензура күшейейін деп тұр. Журналистерге ерекше мәртебе береміз дей отырып, біздің құқығымызды шектейтін сияқты. Осы заңда медиаэтиканы да заңдастыру көзделіп отыр. Егер медиаэтика заңдастырылатын болса бұл журналистердің қызметіне үлкен кедергі келтіретін болады. Өйткені, ол жерде арнайы комиссия болады дейді. Бұл комиссияда кімдер болады? Кез келген мемлекеттің тарихын алып қарасаңыздар медиаэтика заңмен қорғалмайды. Оны ұсынатын, жазатын, қабылдайтын журналистердің өзі, әрі ұсыныстың бәрі төменнен берілуі керек. Үкімет біз оны жоғарыдан тоқпақпен

үйретеміз дейді. Бұл ешқандай мемлекеттің заңында, тәжірибесінде жоқ ұсыныс. Медианы реттеу журналистердің, азаматтық қоғамның өз қолында болу керек. Осы мәселелерді сіздерге жеткізу, ұсыныстарымыздың әлі ескерілмей отырғандығын айту парызымыз. Өкінішке қарай, мен әлі де журналистік ынтымақтастықты да, журналистік принципті де көре алмай отырмын.

Жұлдыз ӘБДІЛДӘ, Қазақстандағы медианың өзін-өзі реттеу жөніндегі комитетінің басшысы:

«Баспасөз картасы – тілшілерді алалау»

– Баспасөз картасына осы жобаға енгізілген сәттен бастап өте көп пікір айтылды. Осыдан 2 апта бұрынғы соңғы отырыста да бұл нәрсені алып тастау керек деген ұсыныс көпшілік дауыспен қабылданған. Бірақ, өкінішке қарай ашық нормативтік құқықтық актілер порталындағы жобада ол өзгеріссіз тұр екен. Онда баспасөз картасын үкілетті органның жанындағы комиссия береді. Бұл мынандай талаптарға сай болуы керек дейді – яғни, журналистика мамандығында оқыған адамдарға 3 жыл еңбек өтілінің болуы, журналистика мамандығында оқымаған адамдарға 5 жыл еңбек өтілінің болуы. Яғни, оған дейін сіздің баспасөз картаңыз болмайды. Ал баспасөз картасы журналистерге айрықша құқықтар береді дейді. Бұл жалпы журналистерді алалау, дискриминация деп қарауға болады. Бізге баспасөз картасын жыл сайын



беріп отырмақ. Демек, бір талаптарға сәйкес келмей қалған жағдайда бізге ол картаны бермей қою ықтималдығы әлдеқайда мүмкін екенін айтуға болады. Сосын, баспасөз картасынан айыру негіздерінің біріншісі – ауыр немесе аса ауыр құқықбұзушылықтар жасау дейді. Біз қандай әрекетіміз ауыр не аса ауыр құқықбұзушылыққа жататынын қалай анықтаймыз? Яғни, бұл карта журналистердің қысымда ұстауға алып келетін тетік болып отыр. Екінші – БАҚ редакциясы қабылдаған кәсіби этика нормаларын бұзу дейді. Қазір мысалы КРІ-ға байланысты, көрілімге байланысты, неше түрлі жаға ұстататын трендті жасап, кәсіби этиканы аяққа таптап отырған басылымдар, ақпарат құралдары өте көп. Ертең олар үшін ол қалыпты норма болуы мүмкін де, басқа бір жерде этика нормасын бұзу болып есептелуі мүмкін. Оның өзі біздің құқығымызды біршама шектейтінін айтуға болады. Журналистерді аккредиттеуге қатысты да солай. Аккредиттелген журналистер тегін бір іс-шараларға кіреді деген. Қазір де оған ешқандай шектеу жоқ. Тағы бір айтып кететін нәрсе баспасөз картасын алған журналистің үкілетті орган анықтайтын өзге де құқықтары бар дейді. Бұл да түсініксіз нәрсе. Сондықтан соңғы отырыста әріптестеріміздің көпшілігі бұл картаға қарсы болған болатын.

Журналистің жұмысына кедергі келтіретін нәрселер қазір бізде өте көп. Осындай заң жобасын жасап жатқан сәтті пайдаланып құқықтарымызды қорғайтын журналистерге жауап бермегені үшін жауапкершілік бар деген нәрсені қабылдауға тырысуымыз керек. Бірақ, өкінішке орай, қазір біз бұл заңмен басқа жаққа қарай кетіп барамыз. Фокуссыз да өзгеріп бара жатыр. Ведомствоаралық комиссия ұсынған жобада біз өз басымызды қорғауға мәжбүр болып отырмыз. Ол осы күйінде не сәл ғана өзгерістермен қабылданып кетуі мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ жұмыс тобында болған адам ретінде ертең бізден де сұрау болады. «Сіз де отырдыңыз ғой, неге қарсы болмадыңыз» дегенде бұл мәселені көтергенімізді, ұсыныстардың болғанын, бірақ оның қабылданбағанын айта алатын болуымыз керек. Сондықтан қайтсек те үнімізді Президентке жеткізуге тырысуымыз керек.

Думан СМАҚОВ, Factcheck.kz жетекшісі: «Сөз бостандығына қарама-қайшы заң»



– Порталдағы заң жобасы өте шикі. Тәуелсіз журналистер, сарапшылар, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің немесе ведомствоаралық комиссияның масовкасы болғандай сезінеміз. Өйткені біздің айтқан пікіріміздің басым

бөлігі елеусіз қалған. Бұл заң қорыта айтқанда Президент Тоқаевтың жүргізіп отырған саясатына, Жаңа Қазақстан принципіне, ашықтық принципіне толығымен қарсы. Сөз бостандығы, демократия ұғымдарына да қарама-қайшы заң. Шынын айту керек, бұл заң Қазақстан мәртебесін сөз бостандығы мен өзге де рейтингте көтермейді. Керісінше, 50-100 сатыға төмендетіп тастауы әбден мүмкін. Сондықтан да, журналистердің құқығын шектейтін, журналистерді алалайтын, журналистердің жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін, былайша айтқанда журналистерді тырп еткізбейтін қатал заңды қабылдамаған дұрыс деп санаймын.

Заң жобасының нормаларына келетін болсақ өткен жұмыс тобының отырысында жұмыс тобы толығымен пресс-картаны қабылдауға қарсы болған. Бәріміз қарсы дауыс бердік те. Бірақ біздің пікіріміз далаға кеткеніне наразымыз. Заң жобасындағы дүниенің бірі ақпараттың шынайылығы жөнінде. Заңда ақпараттың шынайылығы анықталмайды. Мемлекеттік орган немесе ресми органның айтқанының бәрі рас немесе шынайы ақпарат сарынында көрсетілген. Біз бұған да қарсымыз. Бұл «БАҚ туралы» және «Телерадиохабарларын тарату туралы» екі ескі заңның қосындысының редакцияланған түрі ғана. Сондықтан біз толығымен заман талабына сай, қоғам талабына сай, жаңа Қазақстан принципіне сай, демократиялық елдің сөз бостандығы принципін жауап беретін заңның қабылдануын талап етеміз.

Менің ойымша, бұл заңның басты мақсаты журналистердің құқығын шектеу. Журналистерге мемлекет тарапынан жауапкершілікті арту. Қазіргі заңда мемлекеттің жанашырлығын көріп отырған жоқпыз. Журналистердің алдында мемлекет ештеңеге жауап бермейді. Егер қоғам болып, журналистер болып қарсы тұрмасақ, әрине, бұл жоба осы күйінде қабылданып кетуі мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

МӘСЕЛЕ

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ ЖЕҢІЛДЕМЕК

Жаһандық үрдістер еңбек нарығына өз ықпалын жүргізіп жатыр. Сарапшылардың айтуынша, 2025 жылға қарай елімізде жұмыс күшінің құрылымы өзгеріп, олардың дені цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейімен ерекшеленетін Millennials және Z ұрпақтары болады. Қазақстан бұған қаншалықты дайын?

Бұл сұрақ Сенатта «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланған кезде қойылды. Мәселені көтерген сенатор Әлішер Сатыбалдиевтің айтуынша, Қазақстандағы жұмыс орындарының 52 пайызы елеулі деңгейде автоматтандырылудың алдында тұр. Бұл ЭДҰ-на мүше елдердегі көрсеткіштен сәл жоғары. Оларда мұның деңгейі 47 пайыз. Бұл көптеген қазақстандықтардың ең алдымен цифрлық дағдыларды меңгеріп, маман ретінде қайта даярлануға мәжбүр болатындығын көрсетеді. Осыған байланысты еңбек нарығының негізін құрушы жұмыс берушілер, азаматтар, үкімет бұл өзгеріске дайын болуы керек. Мәселе құзырлы орын тарапынан белгілі деңгейде зерделеніп, еңбек нарығын реттеудің бірыңғай тұжырымдамасы дайындалып жатыр екен.

100 МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС ЖОҚ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ахмади Сарбасовтың айтуынша, таяудағы 5-10 жылда еңбек нарығындағы 100 мамандыққа сұраныс жойылып, жаңа 200 мамандық пайда болады. Ал, бізде қазіргі таңда жұмыссыздардың 20 пайызының кәсіби білімі жоқ. Сол секілді жұмыспен қамтылғандар арасында да нақты кәсіби дайындығы жоқтар бар. Қазіргі таңда осыған орай арнайы заңнама дайындап, жаңа мамандарды даярлап, сертификаттау ісін құқықтық тұрғыда реттейтін арнайы заң жобасы Мәжіліске енгізілді. Онда кәсіби білімі жоқ азаматтарға басымдық берілмек. Алда қаралатын Әлеуметтік кодекс жобасында да бұл мәселе қамтылып, құқықтық тұрғыдан реттелетін болады. Сонымен қатар, жалақыны көбейтуге қатысты да мәселе белгілі деңгейде шешімін таппақ. Нақтылап айтқанда, еліміздегі 1,2 млн қызметкердің жалақысы 50 %-ға артса, алдағы төрт жылда жеке сектордағы 1 млн азаматтың жалақысы 18 пайызға көтеріледі.

МИТИНГІЛЕР МЕН ЕРЕУІЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛМЕК?

Олардың көпшілігі алдын ала рұқсат алмағаннан кейін заңсыз деп танылып, жұмысшылар талабы орындалмай жатыр. Бұл келіссөз және келісім институттарының жұмысының дұрыс реттелмей отырғандығын көрсетеді. Депутаттардың бастамашылығымен әзірленген «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында бұл тұрғыда оң қадамдар бар секілді. Құжатты қорғаған сенатор Лаззат Қалтаеваның айтуынша, заң жобасында келіссөздерді ұйымдастыру тәртібін жеңілдету, келісім комиссиялары институтын, еңбек арбитражын және еңбек дауларын шешудегі кәсіподақтардың рөлін күшейту шаралары қарастырылып отыр. Осыған орай заң жобасы бойынша Еңбек кодексінде және «Кәсіподақтар туралы» заңға келісім комиссиясының рөлін күшейту және мәртебесін көтеру, оның ішінде келісім комиссиясының жұмыс тәртібін бірыңғай жергілікті нормативтік құқықтық актіде – комиссияның жұмысы туралы келісімде көрсету ұсынылды. Қызметкерлерді осы құжатпен таныстыру жұмыс берушінің міндетіне айналды. Бұл ретте заң жобасында келісімнің мазмұны нақты көрсетілген.

КЕЛІСУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЫ КЕҢІДІ

Келісу комиссиясына жүгінуге құқығы бар адамдар санына бұрын еңбек қатынастарында болған қызметкерлер қосылады. Келісу комиссиясының шешімін орындаудың нақты мерзімдері белгіленеді. Келісу комиссиясының шешімі жұмыс беруші, қызметкерлер және бұрын еңбек қатынастарында болған адамдар үшін міндетті болады.

Сонымен қатар, ереуілдерді ұйымдастыру тәртібі жеңілдетілмек. Жұмыс берушінің кездесулер өткізу үшін орын

беру міндеті белгіленген. Ереуіл өткізу туралы шешім көпшілік дауыспен қабылдануы мүмкін, бұл ретте конференцияның кворумы да қысқарады. Арбитраждық кезеңде өткізілуі мүмкін және команданың ниетінің байыптылығын көрсететін сағаттық ескерту ереуілінің тұжырымдамасы енгізілді. Еңбек арбитражының құрамына әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ұшжақты комиссиялардың өкілдерін енгізу де қарастырылған, бұл аталған мекеменің жұмысын жандандыруға мүмкіндік береді. Осылайша бұл құжат құқықтық саладағы еңбек жанжалдарын шешуге ықпал ететін келіссөздерді ұйымдастыру, талаптарды тұжырымдау және алға қою рәсімдерін жеңілдетеді.

ЕРЕУІЛГЕ ШЫҒУДЫҢ ТӨРТІБІ БАР

Сенатор Ақмарал Әлназарованың айтуынша, заң жобасында еңбек дауларын қарау мерзімдері қысқартылды, келіссөздер процестерін ұйымдастыру, талаптарды тұжырымдау және ұсыну рәсімдері жеңілдетілді, кәсіптік одақтардың рөлі күшейтілді. Бұл өз кезегінде құқықтық саладағы еңбек жанжалдарын шешуге ықпал етеді.

Десе де бірқатар депутаттар сағаттық ескерту ереуіліне қатысушылар санының шектеулі болуына қатысты алаңдаушылық білдірді. Заң жобасында оған қатысатындар санының 50-ден аспау қажеттігі жайлы жаңы талап енгізіліпті. Өзге елдердің заңнамаларында мұндай өлшем жоқ.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Ахмади Сарбасов мұнымен келіспеді. Оның айтуынша, бұл талап өндірістің жұмысын тоқтатпау мақсатында енгізіліп отыр. Ал, толыққанды ереуілге қатысуға ешкімге шек қойылмайды. Алайда, бұл ретте тиісті заңнама талаптары сақталуы керек. Олай болмаған жағдайда заң бұзушы тәртіптік жауапкершілікке тартылудан бастап, жұмыстан босатылып, тіпті, үстінен қылмыстық іс қозғалуы мүмкін.

Заң жобасы бірден екінші оқылымда қаралып, қабылданды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»



Өкініштісі, ажырасуға арыз берушілердің көрсеткіші жылдан жылға кеміей тұр. Бұл көрсеткішті азайту үшін қазіргі таңда елімізде «отбасылық сот» жобасы жұмыс істеуде. Бұл жоба өз нәтижесін беріп жатыр. Себебі, ол жақта отбасылық психолог, тренерлер мен коучтер жұмыс істейді.

«Тараптардың татуласуы үшін оларға 6 ай беріледі. Сонымен қатар осы мерзім арасында сот тараптарды психологтар мен медиаторларға жібереді. Олар татуластыру үшін себептерін тыңдап, шешімдерінде келтіреді. Содан кейін отбасылық жоба бойынша әлеуметтік қызметкерлер көмектеседі. Егер де бір тараптан ішімдікке құмарлық болса,

ОТБАСЫНЫҢ БАҚЫТЫ – СЫЙЛАСТЫҚТА

Қазіргі таңда отбасы құндылығы мәселесі өте өзекті боп тұр. Бұрын қазақ ажырасыпты дегенді көп ести бермейтін едік, ол әр шаңырақ үшін ұятты жағдай саналатын. Ал бүгінгі күні бұл сөзді жиі ести бергендіктен, құлақ үйренді әрі бұл процесс үйреншікті нәрседі қабылдана бастады. Бұған не себеп?

Соңғы 20 жылдағы ажырасуды сараласақ, жыл өткен сайын неке бұзу дерегі артқанын көруге болады. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша 2000 жылы ажырасқандар саны 27 391 құраса, 2005 жылы – 32 377, 2010 жылы – 41 617, 2015 жылы – 53 293, 2020 жылы 48 002-ге жетті. 2021 жылы 140 256 жұп шаңырақ көтерсе, 48 239 жұп ажырасуға арыз тастаған. Жыл өткен сайын ажырасқан жұптардың саны артып жатқандығын көруге болады. Ауыл халқына қарағанда қалада тұратын отбасыларда ажырасу әлдеқайда басым. Ажырасудың жоғары деңгейі ел астанасында байқалып отыр. Мұнда 1000 адамға шаққанда ажырасу коэффициенті 3,54 жағдайды құрайды, ал ажырасу ең аз тіркелген өңір бұл – Түркістан облысы. Мұндай – 1000 адамға шаққанда 1,20 жағдайды құрайды.

Жастар арасындағы ажырасудың себептері жетерлік. Отбасылардың ойран болуына көбіне тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлеуметтік жағдайдың қиындығы, жұбайлардың бірінің дертке, есірткіге, ішімдікке тәуелділігі, опасыздық, сатқындық, сондай-ақ, ерлі-зайыптылардың ұзақ уақыт бала сүйе алмауы жатады. Осыдан жағымсыз эмоциялар, ұрыс-керіс пайда болады, бір-біріне деген реніш, арадағы түсінбеушілік ақыры ажырасуға әкеліп соқтырады.

Қазақстанда отбасылық қатынастарға және ортақ балалардың болуына қарай некені бұзу процесі азаматтық хал-әкіттерін тіркеу органында немесе сот арқылы іске асырылады. Некені бұзу тәртібі «Неке және отбасы туралы» заңмен реттеледі. Егер ерлі-зайыптылардың арасында ортақ балалары болмаса, бір-біріне мүлкітік және өзге де ескертпелері мен наразылықтары болмаса, онда некені бұзу процесі сот талқылауынсыз орындалуы мүмкін. Ал егер, ерлі-зайыптылардың ортақ балалары болса, онда некені тек сот арқылы бұзуға тура келеді.

оны жою үшін наркодиспансерге немесе психотерапевке жібереді. Содан кейін барып, бір шешімге келтіреміз», – дейді Алматы аудандық сотының судьясы Гүлнұр Сейтқожина.

Бүгінде 400 мың ана баласын жалғыз тәрбиелеп отыр. Міне, осыдан кейін толық отбасыда өмір сүре алмаған бала психологиялық көмекке зәру болады. Бұл жағдай әр баланың қоғамда өз орнын білетін тұлға болып қалыптасуына үлкен кедергі келтіреді. Ата-анасының ажырасуы болашақта баласының да ажырасуына ықпал етуі мүмкін. Себебі, мұндай отбасында баланың психикасы бұзылады. Ата-ана ажырасып кетсе де, баламен қарым-қатынас үзілмеуі тиіс. Мысалы, аптаның қай күні кездесу үшін белгіленді, сол күні тұрақты түрде жүздесіп, кездесу ұйымдастыру керек. Ал егерде әкесі кездесуге белгіленген уақытта келмесе, жиі өтірік айтатын болса, бала да соған бейімделеді. Бұл оны қалыпты жағдай ретінде қабылдай бастайды. Сөйтіп, өзі де үйленіп не тұрмысқа шыққан кезде, оған сондай адамдар жолығады. Өйткені, оның психологиясы солай қалыптасты, сондықтан да бала тұпсанасында өзінің әке-шешесіне ұқсайтын адамдарды тартып тұрады. Дегенмен, ата-ана ажырасып кеткен күннің өзінде баламен тұрақты түрде қарым-қатынас жасап, тұрақты түрде кездесіп тұратын болса, берген уәделерін орындап, махаббатқа бөлей алса, баланың да өскен кезде өз отбасын сақтап қалу ықтималдылығы жоғары болады, – дейді психолог Зубайда Кененбаева.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, баланы жастан тәрбиелеу қажет. Баланы ересек адам ретінде қабылдап, ненің дұрыс, ненің бұрыс емес екендігін алдымен отбасында, сосын мектеп қабырғасынан бастап ұғындыру керек. Өмірден еш тәжірибесі жоқ, жастық жалыны бойларында тасып тұрған жұп бір-бірінен жеңілгісі келмей, кішіреюді кемшілік көретіні белгілі. Женсіз ажырасу – екі жаққа да абырой әкелмейтіні анық. Баланың болашағын ойлап, отбасының тұрақтылығын екі жақ болып, сақтап қалуға тырысу қажет. Бір-бірін сыйлай, бағалай алатын, қиын сәтте ауыртпашылықты бірге көтеріп, қадір-қасиетін түсіне алатын жандар нағыз бақытты отбасының үлгісі атанбақ. Ал бақытты отбасы – баянды болашақ.

Алтынай ЖЕТПИСБАЕВА

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ АСҚЫНЫП ТҰР

Finprom.kz мәліметінше, бір жылда интернет-алаяқтық транзакциялар саны 31%-ға өскен. Қазақстанда 2022 жылдың қаңтарында 4 мыңнан астам алаяқтық фактісі анықталды, олардың көпшілігі (43,3%) интернет-алаяқтық (1800 қылмыстық іс). Қаңтар айында мұндай алаяқтардан келген шығын көлемі 1,8 млрд теңгені (оның ішінде: 1,1 млрд жеке тұлғаларға, 82,7 млн заңды тұлғаларға, 530 млн мемлекетке) құраса, бір жыл бұрын бұл сома 3 млрд теңгеден асты.

Интернет-алаяқтық оқиғаларының көбеюіне байланысты Қазақстанның жетекші банктері ел азаматтарына бірлескен үндеу жариялады. Онда қазақстандықтарды сақ болуға, алаяқтарға жауап бермеуге, банктік және өзге де жеке ақпараттарды бермеуге шақырды. Алаяқтардың түрлі алдау схемаларына жолығып, олардың құрбаны болып қалмау мақсатында келесі кеңестер ұсынылады.

Онлайн аударыммен алдайтындар көбейді

Сала өкілдері алаяқтардың жұмыс әдістерін көрсетті.

1) Олар қоңырау шалып, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырады. Клиентке күдікті транзакция туралы хабарлайды және

шоттан ақша аудару үшін жеке деректерді сұрайды. Мысалы, олар парольді ауыстырып, банктің SMS хабарламасынан құпия кодты жіберуді талап етеді. Осы ақпараттың көмегімен алаяқтар шоттан ақша аударып алуда, онымен қоса тіпті, клиенттің атынан үлкен көлемде несие аштырып алып жатқандар да бар.

2) Олар қоңырау шалып, сіздің жеке шотыңызға біреу күдікті операция жасап жатқандығы жайлы хабарлап, сізді қорқытады. Оны дереу тоқтатып, банк деректерінің қауіпсіздігін арттыру мақсатында смартфонға мобильді қосымшаны жүктеп алуды ұсынады. Бірақ бұл мобильді қосымша алаяқтардың ойлап тапқан әдісі. Сол арқылы сіздің ақпараттарыңыз алаяқтардың қолына өтеді. Оның көмегімен олар шоттармен

қаржылық операцияларды жүргізіп қана қоймай, телефонда сақталған басқа да жеке ақпаратқа қол жеткізе алады.

3) Олар қоңырау шалып, шоттардағы ақшаның ұрлануы мүмкін екендігін хабарлайды. Бұл ретте алаяқтар клиентке ақшаны «айналыс шотқа», «сақтандыру агентіне» немесе «сақтандыру ұяшығына» шұғыл аударуға кеңес береді. Олар банк операторларының нөмірлеріне ұқсас телефон нөмірімен хабарласып, түрлі ұсыныс тізіндерін қолданады.

4) Олар сіздің электрондық поштаңызға банктің атынан хат жолдап, төлем картада көрсетілген деректерді, яғни, картаның иесі, қолдану мерзімі және қорғаныс кодын көрсетуді талап етеді.

Тоғыз айырма

Сарапшылардың айтуынша, банк қызметкерлері ерқашан сіз өзіңіз транзакция жасайсыз ба деп сұрайды. Егер сіз оң жауап берсеңіз, әңгіме сонда аяқталады.

- Ал алаяқтардың әрекеті:
• клиентті «жеке шотыңызға күдікті операция жүргізілмек» деп айтып қорқыту
• SMS хабарламаларындағы кодтарды айтуды және есептік жазбаның құпия сөзін өзгертуді талап ету және көндіру;
• бейтаныс шотқа ақша аударуды немесе несиеге өтініш беруді талап ету
• банкоматтан несиелік ақшаны алып, оны арнайы шотқа салуды ұсыну;
• сіздің қауіпсіздігіңіз үшін белгісіз бір мобильдік қосымшаны жүктеп алуды ұсыну;
• ақшаны «сақтандыру агентіне» ауда-

рыңыз немесе «сақтандыру ұяшығына» салыңыз дейді;

- клиенттің банкке кері қоңырау шалмауын талап ету;
• банкке хабарласып барлық операцияларды клиенттің өзі жасайтындығын хабарлауды сұрайды;
• олар қайта қоңырау шалып, деректерді нақтылайды. Сіздің тарапыңыздан сенімсіздікті байқаса, басқа банк қызметкерімен байланысқа шығарамыз деп алдайды.

Сарапшылар кеңесі

Алаяқтармен сөйлеспеніз, тұтқаны бірден қойып тастаңыз. Кейін шоттағы қаражаттың сақталғанын тексеріңіз. Егер сізді алаңдатайндай мәселе болса, банктің байланыс орталығына қоңырау шалыңыз;

Сондай-ақ, зиянкестерге өзіңіз және банк шоты туралы жеке деректерді бермеу қатаң ескертіледі. Банк қызметкерлері мұндай ақпаратты сұрамайды, ал алаяқтар клиенттен карта деректемелерін, төлем картасының CVV-кодын, SMS хабарламаға жіберілген кодты айтуды талап етеді;
• Электрондық поштаға немесе күдікті нөмірлерден жіберілген хабарламаларды ашпаңыз; күмәнді интернет-сауалнамаларға қатыспаңыз, сізден жеке мәліметтерді беруді сұрайтын белгісіз сауалнамаларды толтырмаңыз. Ресми ұтыс ойындарына, банктердің немесе түрлі акцияларға қатысу үшін дерек-көздермен, веб-сайттарындағы ресми ақпараттармен танысу ұсынылады.

Аружан ҚОЖАБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Меніңше, депутаттық корпусқа барлық ұйымнан өкілдер еніп, тепе-теңдік сақталуы қажет. Сол кезде қоғамдағы мәселелер жан-жақты көтеріліп, шешіледі. Ал, өзіміз сайлауға қатысуға ниетім жоқ. Оның бір себебін жоғарыда айттым. Екіншіден, қашаннан мемлекеттік қызметте жүріп, елдік мүдделерге қатысты үнемі ұсыныс қосып, бастама көтеріп келсем де, байқағаным өзімді тек орындаушылық деңгейде ұстаған екенмін.

– Керісінше, сол тәжірибеңіз керек қой. Сіздердей ел тарихын білетін, халық мұратын зерделей алатын тұлғалардың келуі сайлаудың салмағын көтерер еді...

– Қазақтың тарихында өткен үлкен бір сайлауға хан немересі Шоқан Уәлиханов қатысып, аға сұлтандыққа өтпей қалған. Оның ақшасы да, дәрежесі де бар еді. Шоқанның жолын кескен сол кездегі сайлау технологиясы, идеология. Менің білуімше, сайлаудың нақты айқындалған параметрлерінен бөлек, зиялы қауымға бес пайыз, спортшыға үш пайыз, жасылдарға екі пайыз дегендей жазылмаған ережесі бар. Біз дамушы мемлекет болғандықтан демократия өз деңгейінде пісіп-жетілген жоқ. Сондықтан сайлаудың шынайы ел жанашырларына жол ашатын халықтық деңгейде өтетін кезеңі алда деп ойлаймын.

– Десе де депутаттық корпусның жаңа құрамынан күтер үміт көп. Сіздіңше жаңа шақырылым қалай жұмыс істейтін керек? Мәжілістен кімдерді көргіңіз келеді?

– Иә, Үкіметке сөзін өткізе алатын тұлғалар келсе Мәжілістің жаңа құрамынан үлкен үміт күтуге болады. Өз басым депутаттар қатарынан Сұлтанхан Аққұлұлы, Мұхтар Тайжан, Қазыбек Иса, Арман Шораев сынды қазақтың есесі кетіп отырған дүниелерін түгендейтін тұлғалар келсе деймін. Меніңше, Парламент жалпы адамзаттық құндылықтардың төңірегінде жұмыс жасамау керек. Заң шығарушы ұйым ең бірінші мемлекет құрушы қазақтың жоғын алға шығарып, соған қоғамның көзін жеткізіп, көндіріп тиіс. Бүгінде кез келген мемлекетте сол елді иесі болып отырған халықтың мүддесі бірінші тұрады. Біз де осы бағытта жүруіміз керек. Жұмыс тек мемлекеттік тілде жүру керек. Сол кезде халық өзінің өзі қазақ тілінде сөйлеп, ұлттық құндылықтар төңірегіне талтасады. Парламент алдымен осыған берік негіз қалап, жол бастаса дейміз. Шыны керек, әлгі ақжолдық депутаттың аты жөнін аты-шулы мәлімдесін жасаған сәтте білдік. Өткен шақырылымдағы көптеген депутатты сол қалпы танымай кеттік. Ұлттық пайдасына бір ауыз сөз айтпай, тіпті, бір депутаттық сауал жолдамай кеткен депутаттар бар. Енді осындай жатып ішерлердің жолы кесілсе дейміз.

– Ұзақ жыл мемлекеттік қызмет саласында жүргендіктен елдегі жағдайды қалай бағалайсыз? Қыруар қаржы жұмсалған небір бағдарлама тым болмаса ине, шыры шығаратын жағдай тұғырбады. Қателік неден кетті?

– Мұның себебі, ұраншылдық, науқаншылдық, көзбояушылықта. Министрлердің бар ойы тек есеп беру ғана. Өйткені, олар бар болғаны бір-екі жылға тағайындалады. Ертеңіне сенімі жоқ. Оларды осы көзқарастан арылту, құтқару керек. Өз потенциалын іске қосып, еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу қажет. Жалпы, біздің менеджерлердің ұғымы, басқару стилі ұлттық менталитетке сай емес. Олар Еуропа елдерінің үлгісімен жұмыс жүргізуге құштар. Көбіне Ресейге қарайды. Өзгенің үлгісі Қазақстанға сәйкес келе ме, келмей ме, зерделеп жатпайды. Осының салдарынан Қырғызстаннан қалып қойды. Оның жеңіл өнеркәсібі алға кеткені соншалық, бүгінде өзін ғана емес, өзгені де киіндіріп отыр. Мұның сыры олардың ұлттық мүддесін түгендеуді алдыңғы кезекке шығарғанында. Мысалы, Конституциясына өзгеріс енгізіп, қырғыз тіліне мемлекеттік мәртебе берді. Бізде иә, қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ресми түрде қолданылады делінген. Мәртебе мен қолданылады деген заң бойынша екі түрлі категория. Соған қарамастан шенеуніктер ресми статусы бар деп орыс тіліне басымдық береді. Барлық стратегия, бағдарлама, жоспарды түгел орысша жазыды. Ал, елімізде біраз облыс мемлекеттік тілде сөйлейді ғой. Мысалы Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары түгелдей қазақшылдықтың қаймағы бұзылмаған өңірлер. Мемлекеттік тілдің экономика тіліне айналмай отыруы осы аймақтар үшін қиындық тудыратынын шенеуніктер түсіне алмай отыр.

– Сөзіңіз орынды. Ал қазақ



Әділбек БЫБІРАЙЫМҰЛЫ, жазушы, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері;

«САЙЛАУДЫҢ ШЫНАЙЫ ЕЛ ЖАНАШЫРЛАРЫНА ЖОЛ АШАТЫН КЕЗЕҢІ АЛДА»

тілінің қалай бағын жандыра аламыз?

– Тіліміздің өз тұғырына қона алмауының бірден бір себебі мемлекеттік саясаттағы жалтақтықта. Осының салдарынан мемлекеттік басқару жүйесінде ұлттық кадрлар жоқ. Құзырлы орындардың әр бөлімінде біріл-жарым ғана қазақша сөйлей алатын адам бар. Солар бүгінде бүкіл ведомстваның қазақ тіліне қатысты көрсеткішін жасайды. Яғни, қазақ тілінің қолданылу деңгейі, қазақ тіліндегі құжат айналымы бойынша талаптар осы аз ғана қазақтілді мамандардың арқасында орындалып жатыр. Олардың міндеті сол ғана. Ал жалпы саясатты жасап, бағдарламаларды түзіп, жоспар құраушылар арасында ұлттық кадр жоққа тән. Президент әкімшілігіндегі заң, стратегиялық, мемлекеттік қауіпсіздік, экономика бөлімдерінде де осындай жағдай. Сондай-ақ, Премьер-Министрдің орынбасарлары, министрлер, департамент басшыларының ішінде де таза қазақша сөйлейтіндер ілуде біреу десек артық айтқандық емес. Мұндай жағдайда қалай мемлекеттік тіл өз тұғырына қонады?! Алаш көсемі Әліхан Бөкейханов айттып кеткендей, «ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден». Қазақ тілінің бағы жан-бауының себебі заңның кемшілігінен емес, сананың төмендігі мен ұлттық рухтың әлсіздігінен. Рух, сана, мінез ана сүтімен қалыптасады.

Қазақ тілінің бағын жағу үшін Мемлекет басшысы саяси ерік-жігерін көрсетіп, еліміздің басқару жүйесіне мемлекеттік тілді жетік білетін мамандарды көптеп тағайындауы керек. Екі тілді тел емген, іскер, озық ойлы азаматтар барлық салада бар. Соларды тауып, потенциалын ұлтқа пайдаланатын кез келді. Ең бастысы мемлекеттік қызметкер қазақ тілін білу керек деген заңдық норма керек. Бізде заңдар да, оған тәуелді актілер де орыс тілінде жазылады. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде істеп жүрген кезде мемлекеттік әкімшілік қызметшінің анты жөніндегі актіні қазақша жаздым. Сол мәтін әлі қолданылып келе жатыр. Міне, осылай әрекет ете алсақ, қазаққа қатысты көп мәселе өздігінен шешілер еді.

– Қазақтың елінде қазақтың мүддесі ғана алға шығу керек дейсіз ғой...

– Иә, осы орайда тағы бір айта кететін мәселе демография артып, қазақ қалалық жерлерге көптеп қоныстануы керек. Өйткені, ұлттық идеология да, әлеуметтік-экономикалық саясат та, ұлттық образ да қала арқылы қалыптасады. Ауылдағылардың пікірі билікке жете бермейді. Орыс тілді солтүстік өңірге қазақтарды ағайын-туысымен топтап қоныстандыру керек. Егер оларды қырық құрау етіп аларса, сіңбейді. Туыс-туғаны, ілік-жекежатымен көшсе, бір-біріне қарайласып, бірі-бірін арқа тұтып тұрақтап қалады. Дүниежүзі қа-

зақтары қауымдастығы осы жұмысты қолға алып жатыр. Өкінішке қарай, Жер кодексіндегі қоныстандыру нормалары, бюджет заңдылығындағы кейбір олқылықтар, әсіресе, мемлекеттік тапсырыс ісіндегі белгіленген мерзімдер кедергі келтіруде. Негізі, тендердегі лоттарды жүзеге асыру уақыты бір-ақ жыл. Ал көптеген нысандар жұмысы бір жылда бітпейді, сондықтан жыл сайын тендер өткізе бермей, жеңімпазды жұмыс аяқталғанша белгілеп, инфрақұрылымға сай ақшасын индексация жасап отырса, жұмыс тиімділігі артады. Ал бізде конкурс өтеді, бірінші жолы жеңімпаз анықталмай қалуы ықтимал, қайта өтеді, сөйтіп жүргенде жыл ортасынан ауады. Сосын барып қаржы игерілмейді, игерілсе де жұмыс сапасыз атқарылады.

– Геосаяси жағдай өте күрделі. «Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде» дейді халқымыз. Десе де, айналамызға, соның ішінде Сіз айттып отырғандай Ресейге тым жалтақтай беретін сияқтымыз...

Бізге халықтың тұтастық, идеологиясы жүргізілмейді. Қазақстанда өзге ұлттың мүддесі үнемі алда. Мысалы, Қазақстан халықтары ассамблеясы таза өзге ұлттарға қызмет ететін ұйым. Ондағылардың ойынша толеранттылық, тек қазаққа ғана тән болуы керек. Өзге ұлттар тілін үйреніп, мәдениетін дамытады. Оған мемлекет ақша бөледі. Осыны тоқтату керек. Қазақстан көп ұлтты мемлекет емес, болмайды да. Елімізде ары кетсе 25 диаспора бар. Біз унитарлы мемлекетпіз, оның иесі – қазақ! Қалғаны этнос. Этнос мәртебесіне жету үшін кемінде үш жүз отбасы болу керектігі жайлы заңдық талап керек. Қазір бізде екі-үш отбасын этнос ретінде тіркеп қояды. Бұл тәуелсіздігімізге нұқсан келтіретін қауіпті үрдіс.

– Бұл жөнінде жоғарыда айттым ғой. Мұның тағы бір себебі сыртқы қауіпсіздікке жауапты лауазым иелерінің көбінің Ресей мектебінен өткендігінде.

Сондықтан жалтақтау былай тұрсын, олар өздерін солардың кадрларымыз деп есептеп, сол үшін де осы елге өзін қарыздар сезінуі әбден мүмкін. Бетін ары қылсын, егер Украинаның басындағы жағдай бізге туса офицерлердің кейбірі Ресей жағына өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан Ресейдің бүгінгі агрессивті саясатына өте жауапты қарау керек. Еліміздегі славян халықтарының да пайығы көрініп жатыр. Бізде халықтың тұтастық идеологиясы жүргізілмейді. Қазақстанда өзге ұлттың мүддесі үнемі алда. Мысалы, Қазақстан халықтары ассамблеясы таза өзге ұлттарға қызмет ететін ұйым. Ондағылардың ойынша толеранттылық тек қазаққа ғана тән болуы керек. Өзге ұлттар тілін үйреніп, мәдениетін дамытады. Оған мемлекет ақша бөледі. Осыны тоқтату керек. Қазақстан көп ұлтты мемлекет емес, болмайды да. Елімізде ары кетсе 25 диаспора бар. Біз унитарлы мемлекетпіз, оның иесі – қазақ! Қалғаны

этнос. Этнос мәртебесіне жету үшін кемінде үш жүз отбасы болу керектігі жайлы заңдық талап керек. Қазір бізде екі-үш отбасын этнос ретінде тіркеп қояды. Бұл тәуелсіздігімізге нұқсан келтіретін қауіпті үрдіс.

– Алаш көсемі Әліхан Бөкейханов ұлттық діңгектің негізі салт-дәстүрімізде екенін айтқан еді. Мұның ақиқат екенін ұлттық дәстүрге табан тіреу арқылы жиырма жыл ішінде алып империяға айналған Жапония да дәлелдеп отыр.

– Иә, бүкіл мәселе ұлттық дәстүр аясында қарастырылу керек. Ұлт көсегесі қазақ тілінде ойлап, сөйлеу арқылы көгереді. Өкінішке орай, қазір біздің тілімізді үйренуге орыс тілді қазақтардан гөрі славяндар ынталы. Және мемлекеттік тілде сөйлеген өзге ұлт өкілдерін қолпаштауға дайын тұрамыз. Сондықтан олар жетістікке тез жетеміз деп мемлекеттік тілді үйренуге құлшына кірісіп жатыр. Бұл дұрыс шығар. Бірақ оны солардың артықшылығы ретінде жасанды түрде қолпаштап, орынтақ ұсынудың қажеті жоқ. Олар өздерінің конституциялық құқын қолданып, азаматтық борышын өтеуде. Осы жеткілікті. Қазақ тілін білетін өзге ұлт өкілдеріне мансап беруді саясат етуге болмайды.

– Осындайда еріксіз ұлтқа тұтқа болатын тұлғалар жоқ деген қынжылысқа толы әңгімелер рас-ау деген ойға тірелеміз...

– Бізде ұлтқа тұтқа болатын тұлға-

орта жоқ. Кезінде Жазушылар одағы сөз өнерінің ядросы болып еді. Онда жанрлар секция бойынша талқыла- нып жататын. Қазір олар талданбақ тұрмақ, оқылмайды да. Қаламгерлер арнайы шығармашылық демалыстар алып, әр дүниесін, асықпай, іздене отырып жазатын.

«Шөптің де, шөңгенің де өлеңге айналуына» қаптап кеткен жекеменшік баспалар да жол ашып жатыр. Бұған тосқауыл қою үшін ондағы дүниелерді әдебиет танушының пікірінсіз жарыққа шығармайтын бір тетік жасалуы керек. Оған қаламақы төленсе құба-құп. Пікірсіз кітап некесіз баладай қабылданатын бір жүйе қалыптасуы керек. Қазір әдебиет төңірегінде тек бір-бірін мақтап, егер оның қайсы-біріне тиіп кетсең арадай талайтын орта бар. Бұл жағдай әдебиетке кері әсер етеді. Сондықтан көркем сөзге сыни тұрғыда қарап, реттеп отыратын шығармашылық әлеуетті қол керек.

– Кенесары хан туралы үш томдық «Семсер жүзіндегі серт» атты шығармаңыз қаламгерлер тарапынан жоғары бағаланып жатыр. Енді осындай дүние тек кәсіби ортада талқыланып қана қоймай, ескең ұрпаққа кеңінен насихатталса құба-құп болар еді. Өкінішке орай, кітап оқымайтын буын пайда болды. Қайтпек керек?

– Енді бұл адамның ішкі мәдениетіне және талғамына байланысты. Бір кездері әлеуметтік желілерде Абайдың шығармаларынан үзінді оқу бойынша

лар өте көп. Олар жаңағы орыс тілділердің жол бермеуі салдарынан қоғамның назарына түспей қалды. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекеттік қызметте екі қазақ сөйлесіп тұрса, кейбір өзге ұлт өкілдері «өз тілінде не айттып тұрсындар?» деп, қысымға алғысы келіп тұратын. Олар қазақтың басын қосқысы келмейтін. Мемлекеттік қызметтегі қазақ тілділерге жаным ашушы еді. Өйткені, олардың қаншама әлеуеті қара жұмысқа жегіліп, түгесілді. Сондай тұлғалардың көбі қазір зейнет демалысында, кейбір мемлекеттік қызметтен алыстап, басқа салаға кетті. Соларды қызметке, лауазымға тартсақ, саясатымыздың салмағын арттырып, ұлтқа қажет істердің маңызын көтерер едік. Қазір әлемдегі дамыған мемлекеттердің бірі Қытайды 70-80-дегі адамдар басқарып отыр. Негізі кадр, оның қабілеті, ақыл-ойы ешқашан қартайтпайды.

– Шыны керек, қазір көркем сөзден қадір кетіп қалғандай.

челлендж жүрді. Осы үрдіс үзілмей, оны әсіресе, министрлер сияқты лауазым иелері жалғап отырса, бұл айналаға әсер етіп, кітап оқуға ынта пайда болар еді. Мысалы, экономика министрі осы кітапты оқыдым деп, М.Мағауиннің «Аласапыранынан» жарты бет үзінді айттып берсінші. Қоғамға ой тастары сөзсіз. Одан соң қаламгерлер оқуға тұратын дүниелер жазуымыз керек. Негізі, жақсы шығарма кітап оқуға деген құштарлықты оятатын бірден бір күш.

– Аталмыш трилогияңызды алты жыл жазыпсыз... Не айтқыңыз келді?

– Таза тәуелсіздік туралы және тәуелсіздік жолында күрескен бірегей тұлға Кенесары хан туралы айтқым келді. Тақ басында отырып, ел тәуелсіздігі үшін күрескен Кенесарыдай тұлға адамзат тарихында жоққа тән. Оның бастағаны көтеріліс емес, Отан соғысы еді. Таңқаларлығы сол, ол ешқашан жеңілмеген. Бірақ өз қазағының рушылдығы, сатқындығының құрбаны болды. Осыдан сабақ алуымыз қажет екендігін айтқым келді. Қазаққа сырттан келетін жаудан бұрын іштей алауыздық қауіпті екенін ұмытпай, ұлттық бірлікке ұмтылуымыз керек.

– Жалпы бәсекеге қабілетті, сапалы ұлтқа айналу үшін не істеу керек?

– Бәсекеге қабілетті болу үшін ең қажеті білім деп айтылады ғой. Бірақ «Тәрбиесіз берілген білім қауіпті» деген Әл-Фараби. Бала отбасында ұлттық рухта тәрбиеленуі керек. Осы екеуі бойыншадан табылған кезде сапалы ұлтқа айналу, әлем өркениетінде өз бет-бейнемізді жоғалтпаймыз. Қазақ атамыз айтқандай, «ұлыңды тәрбиелесен руыңды, қызынды тәрбиелесен ұлыңды сақтайсың». Сондықтан қыздарымыздың иманына берік болуы өте маңызды. Қазақ ұлтының идеологиясы аналардың жүрегінде болу керек. Мұның шындығын тарихтан білеміз. Кезінде монғолдар мен қалмақтардың шапқыншылығына ұшыраған қазақ аналардың жауға берілмеуі арқасында қазақ қайта түледі. Түрі қазақ болғанымен орысша сөйлеп тұрған адам ешқашан ізбен бірге бола алмайды. Жалпы, «русский» деген ұлт жоқ. Русь бар, ал «русский» деген гибрид қауым. Оның көзі көк, жүзі сары болуы міндетті емес. Ол тек орысша таза сөйлеп, ділі орыстануы тиіс. Сондықтан оған орысшасы жетік негр де жатуы мүмкін. Ел басқарып отырғандар осындай гибрид болып тұр. Содан сапалы төмендеп кетті. Өз ана тілінде сөйлейтін, ұлттық дәстүріне адал ұл-қыз өсіп шықпаса, біз ешқашан мықты ұлтқа айнала алмаймыз.

– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ДАРИЯ КЕУДЕ, ТАУ МҮСІН



Өткен өміріне, атқарған қызметіне ұрпағы алдында мақта-на алатын Сыр азаматтарының бірі – Әмірхан Бәкірұлы. Өткен ғасырдың нақ ортасында, 1950 жылы наурыз айының 13-і күні Тереңөзек ауданындағы «Қызылдихан» колхозын құрушылардың бірі, ел қадірлісі Өтеп Байғозы ақсақалдың отбасында өмірге немере келіп, шаттық пен қуаныш салтанат құрған еді.

Адалдықты, әділдікті, имандылықты байрақ еткен ата немересін алдына алып отырып: «Менің немерем өскенде прокурор болады» дейді екен. Пенде болып біреуге қиянат жасап көрмеген, тек қана адал еңбегімен күн кешкен қарияның немересінің әділдік үшін күресер азамат болғанын қалағаны да шығар, бәлкім, Алла аузына салған болар, дуалы ауыздың айтқаны қате кетпеді. 1972 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың заң факультетін тәмамдаған жас маман туған өлкеге оралып, 1972-76 жылдары Қызылорда облыстық прокуратура-сының тергеушісі қызметін атқарды. Жас заңгер біліктілігімен абырой биігіне көтерілді, алайда, осы тұста оны күрт өзгерістер күтіп тұрған болатын. Бұл туралы Әбекең: «Менің болашағым прокуратура органдарымен байланысты бола беретіндей көрінген еді. Алайда, тағдыр басқа жолды таңдады. Мен мектепте оқып жүрген кезімде КГБ туралы көп оқыдым. Бұл, әрине, мамандық таңдауға әсер етті. Университетті бітіргеннен кейін қауіпсіздік комитетіне арыз жазып, қызметке қабылдау жөнінде өтініш білдірген едім. Бірақ өтінішіме жауап қайтармады. Прокуратура органдарында біраз жыл жұмыс істеп, аудандық прокурор лауазымына ұсынылып жатқан кезімде, облыстық МҚК-нің уәкілі келіп, қауіпсіздік органдарында жұмыс істеуге шақырды. Балалық шақтағы арманнан бастарту қиын екен. Келісіп, 1976 жылы МҚК-нің облыстық басқармасына аға тергеуші болып жұмысқа орналастым», – дейді. Иә, оның бұдан кейінгі қызмет жолы осы салада жалғасты, талай түн ұйқысыз өтті, талай қиын шақты бастан өткерді, себебі, ол ел тағдырына, мемлекет қауіпсіздігіне өз өмірін құрбан етуге даяр сарбаздар сапында еді.

Ол аса маңызды, құпиясы мол қызметте де абыройлы болды, мұнда да сол қанға сіңген адалдық, әділеттілік, тазалық бағдаршам болып жетеледі де отырды. Ата-әже, әке-шеше тәрбиесімен, үлгі-өнегесімен қуаттанған Әмірхан Бәкірұлы 1976–2000 жылдары Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік органдарында түрлі басшылық қызметтер атқарды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің тергеу, құқық қорғау органдарының қарсы барлауын қамтамасыз ету, экономикалық қауіпсіздікті қорғау және ұйымдасқан қылмыспен, коррупциямен күрес басқармаларын басқарды. Сан мәрте қиын шытырманда түйінін шешті, басын қатерге тіге жүріп түрлі операцияларға қатысты.

Әр жылдары Қазақстан Республикасы және КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің оперативті-тергеу тобы құрамында бүкіл елде қоғамдық резонанс туғызған қылмыстық істерді тергеуге қатысты. Қазір қаншама жыл өтсе де Баку қаласында болған жаппай кісі өлтіру ісі, Грозный және Ташкент қалаларында шенеуніктердің парақорлығы мен аса ірі мөлшерде мемлекет мүлкін ұрлау ісі, Ауғанстанмен арадағы мемлекеттік шекарадан контрабандалық жолмен тауар тасыған Қарағанды авиаотряды мүшелерінің ісі, Шиелі кенті маңында қалааралық

автобусты 12 адамды кепілге ұстаған террористер ісі, мемлекеттік шекарадан заңсыз өтіп Қытайдан Алматы және басқа қалаларға келушілер ісі оның есінде сақталып қалыпты. Өйтпегенде ше, бұл істер қауіпсіздік қызметіндегі шеберлікті, біліктілікті, аса сақтықты қажет еткен болатын, сан мәрте қылпылдап тұрған семсердің үстімен жалаң аяқ жүргендей күндер өтті ғой.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері, отставкадағы полковник Әмірхан Бәкірұлы бұл салада тура 25 жыл жұмыс істеді. Еңбек жолын тергеуші қызметінен бастап, басқарма бастығына дейін, лейтенант шенінен полковник дәрежесіне көтерілген ол абырой-атақсыз болған жоқ, көптеген медаль, алғыс хатпен марапатталды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінде жұмыс істеп жүрген кезінде облыстық прокуратураға бөлім бастығы қызметіне, облыстық сотқа судья болуға шақырған еді. Алайда, сол кездегі департамент бастығы, полковник Нұрахмет Ералиев: «отставкаға менімен бірге кетесің!», – деп оның қызметі сала үшін аса маңызды екенін ескерткенін жұмысын әрі қарай жалғастырған еді. Зымырап өтіп жатқан уақыт қой. Елу жасқа келген тұста отбасы, ағайын-туыстарымен ақылдасып, отставкаға шыққанды жөн көрген Әбекең сол кезде облыстық әкімдіктің қызметке шақыруын қабыл алған еді.

Иә, 2000–2005 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі, Облыстық Тәртіптік кеңес төрағасы болған ол бұл қызметтерде де туралығынан, әділдігінен тайған жоқ. Одан кейін Әмірхан Бәкірұлы төрт жыл облыстық сәулет-құрылыс бақылау басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарды. Ол тұста облысы әкімі Икрам Адырбеков болатын. Әбекеңе облыс әкімінің орынбасары хабарласып: «Облыс әкімі сіздің сәулет-құрылыс бақылау басқармасы бастығының орынбасары болып барғаныңызды қалап отыр. Егер де ашығын айтатын болсақ, облыста құрылыс бағасы ешбір дәлелсіз көтеріліп барады. Тапсырыс берушілер мен жобалаушылар арасында бір ымырашылдық бар сияқты. Облыс басшысын негізінен алаңдатып отырған осы мәселе. «Қалай да құрылыс саласында тәртіп орнату керек», – дейді. Ол келісіп, аталған басқармада 4 жыл жұмыс істеді, құрылыс саласында біршама оң өзгеріс болды, құрылыс субъектілері арасында бір кездері кең тараған заңбұзушылықтар айтарлықтай азайды. Қысқасы, облыс әкімі жүктеген міндет толық орындалды. Осыдан кейін шамалы уақыт «Халыққа қызмет көрсету орталығында» директордың бірінші орынбасары болып қызмет атқарған кезінде де бұл саладағы заңдылықты сақтау ахуалының жақсаруына үлес қосты. Бұдан соң ол біржолата шығармашылық жұмысқа көшкенді жөн санады.

«Әке көрген оқ жонар...», – дейді дана қазақ. Терең мағыналы, тәлім-тәрбиенің мәнін тобықтай түйін еткен осы бір пәлсапалық қо-

рыпта бізге Әмірхан Бәкірұлы өмірін сипаттайтынды көрінеді. Оның әкесі Бәкір Өтепов КСРО Журналистер одағының мүшесі болған еді. Кеңес заманында бұл одаққа мүше болуға көп жыл тілшілік қызмет атқарғандардың да қолы жетпей жататын және осы мүшелік журналистік қалам қуатының деңгейін де көрсететін. Баспасөз бетінде жарық көрген көптеген мақала-еңбектерінен өзге ол «Отты жылдар», «Жауынгер ерлігі» және «Көңіл сыры» атты кітаптардың авторы еді. Бұл Әмірхан Бәкірұлына да әсер еткен болатын. Бұл туралы ол: «...шығармашылық ортада өскесін бе, жастайымнан жазуға ықылас пайда болды. Мектеп жасында шимайлап, бірдеңелерді жазып та көрдім. Кейінірек, прокуратура және қауіпсіздік органдарында жұмыс істеп жүргенде, алдымен қысқа хабарламалар, кейін әңгімелер мен мақалалар жаза бастадым. Орыс мектебінде оқығандығымнан болар әуелі орыс тілінде жазып жүрдім. Бір күні облыстық «Сыр бойы» газетіне орыс тілінде мақала жазып апарып бердім. Өздері қазақ тіліне аударып, басытын шығар деп ойлады. Бөлім меңгерушісі Айжарық Сәдібекұлы телефон арқылы шақырып: «Сен қазақтың ба?», – деп сұрады. «Қазақтың!», – дедім. «Онда мақаланы неге қазақша жазбайсың?» – деді. Мен қысылып, кабинетінен асығыс шығып кеттім. Осыдан кейін намысқа тырысып, бір апта ішінде мақаламды қазақшалап, қайта жазып шықтым. Айжарық ағамыз көзімше мақаламды үстінен түзетті. Расын айтқанда, жарияланбайтын шығар деп ойлады. Себебі, мақалам түзетуден көрінбей қалды. Алайда, «Сыр бойы» газетінің кезекті санының бірінде жарияланды. Менің журналистикадағы қызметім осылай басталған-ды», – дейді.

Иә, осылай басталған жол кейін үлкен қаламгерлік даңғылға ұласты.

Халықаралық Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әмірхан Бәкірұлы қаламынан туған көптеген еңбек кешегі кеңес заманындағы қитұрқы саясат құрбандары туралы ақиқатты ашуға арналды. Жазушы-публицист қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Шоқайдың ақталуына көп еңбек сіңірді. Алғаш рет Қазақ хандығының дүниеге келуі мен елдігін, азаттығын сақтап қалу жолындағы туған елінің үш жүз жылдық тарихын суреттеген ұлт мақтаны І.Есенберлиннің мына бір өлеңі біздің Әмірхан Бәкірұлы туралы ойымызды тиянақтай түседі: *Тудырған өз тұлғасын әрбір дәуір, Жазылар бұдан да еңбек әлі тәуір. Есіңнен шығарма тек, болашағым – Түйенің көш бастаған жүгі ауыр!*

1990 жылдың өзінде М.Шоқай туралы баспасөзде түрлі пікір айтылып жатты, біреу дұшпан ретінде, енді бірі ұлт зиялысы ретінде таныды. Осы тұста деректер мен мұрағат құжаттарына сүйене жазылған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері Әмірхан Бәкірұлының М.Шоқай туралы мақалалары Алаш зиялысы туралы қоғамдық ойға жаңа бағыт берді. Ойлы, салмақты, дерекке сүйенген еңбектер М.Шоқай туралы айтылған ғайбат пікірлерге тоқтам салумен қатар, Шоқайтану ғылыми саласының өмірге келуіне ықпал етті. Иә, М.Шоқай туралы құпия сақталған құжаттар Әмірхан Бәкірұлының үлкен қажыр-қайратының арқасында жариялана бастады, бұл үшін ол қызметтік қысымды да көрді. Алайда, нар тұлғалы қазақ көш бастаған түіненің жұғы ауыр боларын да білді, шыдады, қиындықты жеңе білді.

Оның Мұстафа Шоқай туралы жазылған деректі кітабы түрік тілінде Түркияда (2006 жылы) басылып шықты. Ұлы күрескердің саяси ақталуына үлкен еңбек сіңіргені үшін Ә.Бәкірұлы 2015 жылы М.Шоқай атындағы медальмен марапатталды.

Әділеттілік үшін күрескен қаламгер жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Аза» кітабының (2000 жыл) редакция алқасының мүшесі болды, бұл естелік кітапқа оның жазықсыз жазаланған жандар туралы бірнеше мақаласы енді. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мен тоталитарлық жүйе құрбандарын мәңгі есте қалдыруға айтарлықтай үлес қосқан қаламгер осы тақырыпта газет-журналдарда 200-ге тарта материал жариялады. «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігі (Планета Мира – World of Peace) халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты ыңғайта отырып, еліміздің даму жолында журналистика мен әдебиеттің дамуына қосқан еңбегі үшін қаламгерді арнайы Диплом мен «Ұлт мақтанышы – Гордость нации» медалімен (2015 жылы) марапаттады.

Өзі куә болған, көзбен көріп, бастан кешкен оқиға, құбылыстар, құжаттар мен деректер Ә.Бәкірұлының адами болмысынан берік орын алды. Ол өз қаһармандарын қиял әлемінен іздеген жоқ, жұмыр жерді шарлап, ғаламат оқиғаларды тізіп, өз туындыларына арқау етуге тырысқан жоқ. Оған өмірдің өзі мектеп болды, мынау пәни жалғандағы адамның іс-әрекеті, пиғылы мен ықыласынан туындайтын небір жәйттер оның туындыларының өзегіне айналды. Ағамыздың «Мұстафа Шоқай» атты деректі әңгімелер жинағы 1997 жылы шықса, кейін «Операция Франц» атты кітабы 2000 жылы, «Приговорен к расстрелу...» атты кітабы 2009 жылы, «Франц» операциясы» атты кітабы 2010 жылы, «Жаңа қызмет» атты кітабы 2013 жылы, «Ұлттық қауіпсіздік күзетінде» атты кітабы 2018 жылы жарық көрді.

2016–2017 жылдары ҰҚКД Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланған Ә.Бәкірұлы сала қызметкерлерінің жақсы имиджін қалыптастыру мен ыңғайтуда, жас қызметкерлерге адамгершілік-отаншылдық тәрбие беру ісінде көптеген жұмыс атқарды. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің дамуы, нығаюы, коррупцияға қарсы күрес жұмысына белсене қатысушы қаламгер қоғамдық жұмыстардың бел ортасында келеді.

«Ақиқат, шындық өмірдегі түрлі салыстырулардан тұрады» деген екен Шығыстың бір ұламысы. Ә.Бәкірұлы қос мемлекетте ғұмыр кешті, яғни, кешегі кеңес заманының да, бүгінгі тәуелсіз еліміздің де куәсі, сондықтан екеуін ой таразысынан өткізді, өзара салыстырды. Зерттеді, зерделеді, сана елегінен өткізді. Ол әлемдегі алты миллиардтан астам адамды, сол адамдар құрайтын халықтың, ұлыстың тыныс-тіршілігін өз ұлтымен салыстырды. Қаламгер ретінде өз ұлтының мәрттігін, өзгеге ұқсай бермейтін тәттілігіне назар аударды, сол тектілікті, мәрттікті насихаттаудан, жазудан жалыққан емес. Иә, оның бар болмысы мен бітімі, өмір жолы мен дүниетанымы мына тәкаппар дүниеге «Сен мені танысың ба? Мен қазақтың баласымын» – деп тұрғандай. Биыл 73 жасқа толғалы отырған Әмірхан Бәкірұлы туралы ойтолғамды «Дүниеге келер бір рет дария кеуде, тау мүсін» деп қорытындылаған жөн сияқты.

Алдажар ӘБІЛОВ,
Филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Журналистер одағының мүшесі,
Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Әділет вице-министрі Алма МҰҚАНОВА әкімшілік заңнаманы жетілдіру тәсілдері бойынша баяндады.

Қазіргі уақытта Әділет министрлігі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын әзірлеу бойынша жұмысты бастаған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

ӘКІМШІЛІК ЗАҢНАМА ӨЗГЕРІС АЛДЫНДА

заң жобасын 4 негізгі бағытқа бөлуге болады: біріншіден, әкімшілік жазалардың жекелеген түрлерін әкімшілік әділет саласына көшіру мүмкіндігін қарастыру; екіншіден, Азаматтық процестік кодекстің қоғамдық-құқықтық даулардың жекелеген санаттарын Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске көшіру; үшіншіден, Азаматтық процестік кодекстің «Нормативтік құқықтық актінің заңдылығын даулау туралы істер бойынша іс жүргізу» туралы 30-тарауын әкімшілік әділет саласына көшіру; төртіншіден, қолданыстағы институттарды түзету және жаңаларын имплементациялау мақсатында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

2022 жылдың қарашасында Жоғарғы Сот республика соттарының 12 ай ішінде әкімшілік

істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру тәжірибесіне талдау жасады. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілген сәттен бастап соттарға 27 629 талап (2021 жылы – 14 469, 2022 жылы – 13 160 талап) келіп түсті. Қанағаттандырылған талаптардың пайызы (толық және ішінара) талапкердің пайдасына – 52%, әкімшілік органның пайдасына 48% шешім қабылданды. Салыстыру кезінде 2022 жылы талаптарды қанағаттандыру көрсеткіші 8% өскенін байқауға болады.

Ал «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы 5 негізгі бағытқа бөлінген.

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды салалық нормативтік құқықтық актілерге көшіру

мәселесі бөлігінде әкімшілік әділеттің қолданылу аясын кеңейту.

2. Нормативтік құқықтық актілердің нақтыланбаған талаптары үшін санкциялардан тұратын Әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамының диспозицияларын алып тастау/түзету.

3. Қоғамдық жұмыстар түрінде әкімшілік жаза қарастыру және оның орындалу механизмін, сондай-ақ оны қолдануға болатын ӘҚБТК-нің ерекше бөлігінің құрамын анықтау.

4. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулысын және оның елдегі конституциялық заңдылығының жай-күйі туралы жолдауларын іске асыру.

5. Әкімшілік-деликтілік заңнамасын одан әрі жетілдіру.

А.ӘСЕНҒАЗЫ

АЛДЫҢА КЕЛСЕ, АТАҢНЫҢ ҚҰНЫН КЕШ

Елімізде бабалар салған сара жол қайта жаңғырып, «Медиация туралы» заң қабылданып, тәжірибеге «медиатор», «медиация» ұғымдарының енгеніне де он екі жылға жуықтады.

Тарихқа үңілсек, аузы дуалы, сөзге шебер би-шешендеріміз кез келген дауды келісіммен бітіріп, тұтас қазақ даласының ауызбіршілігін сақтап, ағайынның татулығын арттыра білген. Сондықтан, медиация халқымыз үшін билік айтудың ең озық өнегесі болған десек артық айтқандық емес.

Бүгінгі заманауи жаңғырған медиация көбінесе азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайтын, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес ауырлығы орташа қылмыстарға да қолданылып келеді. Осы орайда, қылмыстық істерде медиацияны қолданудың өз тәртібі бар екенін атап өткен жөн.

Тарқатып айтар болсақ – Қылмыстық кодекстің 68-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 68-бабының 2-бөлігінде жекелеген санаттағы ауыр қылмыс жасаған адамдарды татуласуға байланысты жауаптылықтан босату көзделген. Аталған бапта қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет

жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін екендігі көрсетілген.

Одан бөлек, қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Тараптардың татуласуына байланысты жауаптылықтан босату Қылмыстық кодекстің 68-бабының 4-бөлігіне сәйкес, азаптаулар, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты кәмелетке толмаған адам он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайды қоспағанда, мұндай қылмыс, абайсызда жақын туыстарының, жұбайының өліміне алып келген жол-көлік оқиғасын жасау жағдайын қоспағанда, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Тағы бір айта кетерлігі, бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың та-

туласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін осы кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінде белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі ішінде қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды. Бұрын қылмысты неше рет жасағанына қарамастан, жәбірленушіге келтірілген залалды өтеп, татуласса жауаптылықтан босатылатын. Ал, қазіргі заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, жауаптылықтан босатылмайды. Маңғыстауда 2022 жылдың 12 айында медиаторлар 30 қылмыстық іс қарауға қатысып, сотталушылар жәбірленушілермен татуласуына байланысты қылмыстық іс өндірістен қысқартылған (2021ж. – 90 іс). Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 60 іске азайған. Оның ішінде Ақтау қалалық сотында 17 іс (2021ж. – 55).

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажет. Бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашады. Дамыған елдерде мұндай институттар өзін өзі таныта білуде», - деген еді.

Шын мәнінде, еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, рәсімге араласуға жол бермеушілік, құпиялық сақталатын медиацияның артықшылығын ұтымды пайдалана білсек, елімізде дамыған елдердегідей даулардың 70-90% сотсыз, бітіммен аяқтауға жол ашылары сөзсіз. Оның үстіне «Алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген бейбітшілікті сүйетін халықтың ұрпағымыз. Сондықтан, біздің мақсат – сотқа келген тараптарға татуласудың артықшылығын түсіндіріп, ата-бабамыздан қалған асыл мұраны одан әрі жаңғырта отырып, бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыру.

Гульрайс ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

40 ЖЫЛДЫҢ ӘР СЕКУНДЫ САНАУЛЫ!

**АДАМНЫҢ ӨМІРІ ҚЫЛ ҮСТІНДЕ ТҰРҒАН ШАҚТА,
АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ БАР ӨМІРІН АР-
НАҒАН СВЕТЛАНА НАЗАРБАЕВА - ӨЗ ІСІНІҢ БІЛІКТІ
МАМАНЫ.**

Ол 1962 жылы дүниеге келген. Бала күнгі арманын орындау үшін, Талдықорған медициналық колледжіне түсіп, фельдшер мамандығын игерген. Еңбек жолын 1981 жылы жолдамамен барған Қаратал аудандық ауруханасында Ұлы Отан соғысының қатысушысы Василий Поповтан тәжірибе алудан бастаған.



Кейін тәжірибе жинақтауға Байшегір ауылына жолдама алған. 1984 жылдан бастап, Қаратал аудандық орталық ауруханасында фельдшер қызметін атқарады.

Дәрігерлерден білімі мен тәжірибесі асып түспесе, кем түспейтін Светлана Назарбаеваның қазіргі қызметі қандай?! Оның Жетісу өлкесінің медицина саласына қосқан үлесі мол, еңбегі ерен. Қазіргі таңда Светлана Манасбаева сол аудандық ауруханада Жетісу облыстық жедел әрі шұғыл медициналық көмек қызметінің аға фельдшері. Қызметте жүріп, көптеген тосын да қызық оқиғаларды бастан кешірген.

«Менің фельдшер болып қызмет еткеніме 42 жыл болды. 42 жылдың әр секунды санаулы. Адам өмірін құтқару керек кезде тіпті миллисекунд та маңызды. Осы уақыт ішінде қаншама шақыртуға бардым, тіпті қаншама қызық және қауіпті жағдайлардың қайсыбірі есте тұрады. Бар саналы ғұмырымды кәсібіме арнадым, себебі адам жанын құтқару – менің парызым, жанымға нұр береді. Тіпті, жұмыстан тыс уақытта да, көмегіме мұқтаж жанға көмектесетін сәттер көп», – дейді кейіпкеріміз. Алдыңғы қатарда қызмет атқарып жүрген нәзік жан Светлана Назарбаева екі баланың анасы. Тәулік бойы атқаратын қызметіне қарамастан, аяулы ана, мейірімді жар болып, екеуін қатар ұстап келеді.

«Біздің қызметіміздің алғысы аз, арқалаған жүгіміз ауыр. Қашан болса да, жоғары деңгейдегі дайындықты талап етеді. Жас ерекшелігі, жағдайды талғамайды. Кішкентай бүлдіршіндерден бастап, ауыр халдегі пациенттерге де жауапкершілікпен қарау біздің міндетімізге кіреді. Қазір жас мамандарды тәрбиелеп жатырмыз, білген тәжірибеммен бөлісіп, көмек қолын созамыз. Бірақ, фельдшерлік қыз балалар үшін физикалық та, рухани жағынан да өте қиын қызмет екені бәріне мәлім».

Уақытпен санаспай еңбек ететін аға фельдшердің қызметіне не кіреді?

«Өткен тәулікте атқарған қызметіміз бойынша таңертеңгі ауысым кезінде толықтай есеп беріп, келесі ауысымның фельдшерлерін қабылдаймын. Тәулігіне кем дегенде 40-60 шақыртулар болады. Ең көбі – 120 шақырту», – дейді аға фельдшер.

Нәзік жанды болғанына қарамастан, дәрі-дәрмектің толықтай қамтылуын қамтамасыз етіп, ауысымның олқылықсыз қызмет етуіне бақылау жасайтын да бір өзі. Тіпті, жүргізушілердің жұмысына да басшылық етеді. Шақыртуларға, барлық есептік құжаттарға уақытылы жауап беру, аудан халқының денсаулығына жауап беру де аға фельдшердің мойнына жүктелген.

Қызметінде лайық мәртебеге ие болған Светлана Манасбаева 2010 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» төсбелгісімен марапатталған. 2022 жылы «Ақ ниет» кәсіподағы да оның еңбегін лайықты деп танып, «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттаған.

«Бұл қызметтің барлық қыры маңызды. Сен психолог маман да, дәрігер де болуың керек. Шақыртуда қателіктер жіберуге болмайды. Жұмысымын қиыншылықтарына қарамастан, мен өз кәсібімді сүйемін және жастар медицинаға көбірек барса екен деймін. Мемлекетімізде білімді әрі білікті мамандардың көп болғаны жақсы», – дейді Светлана ханым.

Атап өту керек, мол тәжірибесіне қарамастан, Светлана Манасбаева жаңа технологиялармен жұмыс істеу үшін, ерінбей-жалықпай өз біліктілігін арттырып отырады.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «Курпура Lombard» ЖШС (БСН 170440016767) ломбардтың микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының (лицензия № KZ43RQE00007040, 11.11.2020 ж. берілген) қолданылуын тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ықшамауданы, Әліби Жангелдин көшесі, 11 үй, 31 пәтер.

4. «Насиха» ЖШС, Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы «Ерлан» филиалының, БСН 030641009957, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ақкөл селолық округі, Арқалық көшесі, 85 үй, 2022 жылғы 14 қарашадағы №162/1 бұйрық бойынша құрылымдық бөлімшесі қызметінің тоқтатылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 060007, Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 116 «А», «Насиха» ЖШС кеңсесі.

5. «ООИ «Благо-Дарю» ЖШС (БСН 170140010142) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Үржар ауданы, Үржар ауылдық округі, Үржар ауылы, Қабанбай көшесі, 122 үй.

6. «Үржар Патриоттары» Мүгедектер Қоғамдық бірлестігі (БСН 170440005711) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай обл., Үржар ауданы, Үржар ауылдық округі, Үржар ауылы, Қабанбай көшесі, 122 үй.

МҰРАГЕРЛІК

9. 2022 жылы 16 наурызда қайтыс болған Шахмет Садиловтың атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ӘРТҮРЛІ

8. «Ломбард «ПЕГАС ЛЮКС» ЖШС, БСН 101140006510, микроқаржы қызметін жүзеге асыруға 10.03.2021 ж. берілген №14.21.0008.Л лицензиясының (ломбард қызметі) қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 45, тел. 8(7182)324702.

10. «Свой ДОМ кз» Азаматтардың тұтынушылар кооперативі, БСН 161140014196, заңды мекенжайы: Орал қаласы, Ж. Молдағалиев көшесі, 25Б, онлайн-офлайн форматта өтетін кооператив қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы болатынын хабарлайды. Жиналыстың өту күні мен уақыты: 2023 жылдың 10 наурызында Орал қаласы бойынша сағат 10:00-де. Анықтама телефоны: +77778595121 немесе қатысушының жеке кабинетінде.

11. «Бейнеу-Авто» ЖШС-нің (БСН 160840006257) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Майлин көшесі, 13В үй.

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесінің 2022 ж. «20» желтоқсандағы № 40 шешімімен бекітілген № 4 қосымша	
2021 жылдың «Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының МҮЛКІН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ	
мың теңге	
Жүзеге асырылған жобалар шығыны, соның ішінде:	1 141 958
- ғылыми-зерттеу қызметіне арналған гранттар және басқа қаржыландыру	795 633
- стипендия төлемдері	46 325
- англ және венчурлық қаржыландыру механизмдерін дамыту	300 000
Әкімшілік шығындар	233 899
Қаржыландыру бойынша шығындар	10 312
Табыс салығы бойынша шығыстар	22 740
Барлығы	1 408 909

Директор: _____ Криволива Т.И.
nazar.reklama@gmail.com
nazarsh2015@gmail.com
Тел./факс: 8(7252) 30-12-10 Сот. 8-705-572-372-1

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел./Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарына. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажирбаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ҚАРҒЫСТЫҢ ҚЫЛБҰРАУЫ

Бұл оқиға осыдан жиырма бес жыл бұрын болған. Нарықтық экономиканың қарқындап тұрған шағы. Шағын кәсіпкерліктің тұсауы шешілмей, кібіртіктеп, қолы жеткендер банктер арқылы ауқымды несиелі алып жатқан шақта өзгелердің дүниесіне көз алартушылар аз болмады. Базардың жазылмаған заңы баюды ғана көздейтіні мәлім. Мұны түсінігендер түпсіз ақша қуудың соңына түсті. Сол жылдары Александр Ким есімді кәріс азаматы базардың ыстық-суығын бір кісідей-ақ көріп, Қытай асып, Қырым басып жүрген алпауыт саудагерлер қатарына ене бастаған еді. Ол бағалы бұлғын терісін, алтын мен күміс сату арқылы қомақты қаражат жинап үлгерген болатын. Қарапайым сауда жасап жүрген Ибрагим есімді дұнған жігіті киім-кешек сата жүріп, Александрмен жақсы таныс болып алды. Кейіннен үйіне жиі келіп ағайынды адамдардай араласып үлгерді. Бірақ Ибрагим Кимнің азын-аулақ жұмыстарын бітіре жүріп, өзінің ішкі есебін әбден пысықтай білген болатын. Ол Александрдың үйінің қанша бөлмеден тұратынын бастап, әрбір заттың қандай орынға қойылғанына дейін жатқа білді. Ким болса, өзінің әріптесінен аса қауіптен қоймайтын. Қаражат керек болса қарызға беріп тұратын. Алайда зәлім ойлы «досының» кеудесін тарғыл мысық тырнап жатқаны ойы түгілі, түсіне кірмеген болатын.

Көп ұзамай Александрдың жұбайы алыс шетелдің біріне алтын бұйымдар әкелуге аттанады. Бұл сәтте базар маңын торуылдайтын аш бөрілерін топтастыра бастаған Ибрагим оларға үлкен бір «жұмыстың» басында тұрғандарым түсіндірді. Әркім өз міндетін білуі тиіс. Базарда жүріп олар тапанша, шолоқ мылтық сатып ала бастады. Кимнің әр қадамын аңдыған Ибрагим 1996 жылы желтоқсанда шибөрілерін ертіп оның Түркістан ауданына қарасты Гете көшесіндегі үйін торуылдауға аттанады. Зәулім дуалмен қоршалған үйге олар асып кіре алмайтын болған соң қожайынның келуін күтті. Үй маңындағы терек-талдар ығында отырған олар денелерінің аздаған дірілін жеңу үшін арақ ішуді құп көрді. Осы сәтте Кимнің үйі маңына келген 12 жасар қыз «Света!» деп дауыстап сәл бөгейлікереп қайта бұрылады. Қыз ұзап кеткенше соңынан қарап тұрған қарақшылар өздерінің қауіптерінің негізсіз екендігіне көз жеткізгендей жайбарақат қайта жайғасты.

Кешке таман базарларды шарлап үйіне «Джип» көлігімен оралған Александрдың да қарасы көрінді. Ибрагим өзінің «шибөрілеріне» қандай жағдай болса да бетперделерін шешпеуін талап етті. Төрт адамнан тұратын қылмыстық топтың есебінше Кимнің үйінде ең кемі 100 мың АҚШ доллары болуы тиіс. Оның жұбайы тауарға 10 мың доллар әкетуі мүмкін деп тон пішкен Ибрагим олжалы боларына сенімді еді. Қақпасынан еніп, көлігінен түсе бастаған Александрды үйге кіріп үлгерместен қолға түсіруді ойлаған Ибрагим жандайшаптарына бұйырып, «жібәрмендер!» деп айғай салды. Мұны естіп қалған Александр үйіне қарай бар екіпінмен жүгіре жөнелді. Жан-жағынан ентелей қоршаған қарақшы топ Ким үйіне кіріп үлгерместен табалдырықта қолға түсірді. Үйге кірген бетперделі топты көрген Александрдың 5 жасар ұлы мен 12 жастағы қызы қатты қорқып кетті. «Өтінем, қызым мен балама тиімдер!» деген Кимнің жалыншыты үнін құлақтарына қыстырмаған қарақшылар үйдің астаң-кестенін шығара тінті бастады. Ибрагимнен басқалары Александрдан ақша жасырған жерін көрсетуді сұрады. Ким картинаның артындағы сейфті көрсеткеннен, оның құпия сандарын «білмеймін» деп қасарысып бақты. Қылмыскерлер оны әбден ұрып-соғып, ақшаны бәрібір алмай қоймайтындарын қайталаумен болды. Балалар бөлмесінде қамалып отырған кішкентай Юра мен Светлана бөлмесіне енген Ибрагимге қарақшының бірі «қыз сені танып қойды» дегенді емсүрінмен түсіндірді. Өз көзін жеткізбек болған ол Светланаң қасына тақау келді. Қыз Ибрагимге тесіле қарап «Сіз Яша ағайсыз ғой, мұныңыз не? Мен полицияға хабарлаймын...» деп қалды.

Расыммен Александрдың балалары мұны Яша деп атайтын. Арамдық пен аярлықтан пәк қыздың жүрегі бір сұмдықтың боларын сезсе де қаймықпай, жауыздықтың жүзіне тура қараған. Санасы тұнық қыздың есінде Ибрагимнің жүрсіндегі ұқсастықтар дәл сақталып қалғандай. Жауапкершіліктен қатты қорыққан Ибрагим жүрегі дір етпестен қыздың кеудесіне кездігін бірнеше мәрте бойлатып жіберді. Жауыздығы мен арамдығы басым тұл дүниеден аттанып бара жатқан өрімдей қыздың соңғы айтқаны «Қарғыс атысын!» болды.

Бұл кезде өзге қарақшылар темір сейфтің есігін сом темірмен бұзып ашып жатқан болатын. Ибрагим кішкентай Юраның қол-аяғын матап, көзіп байлап қалың көрпеге көміп тастап, ас үйдегі Александрдың жанына келіп, жандайшаптарына «өліртіндер!» деп белгі береді. Бірнеше жерден пышақ ұрған жауыздар ол азаптанып жан тапсырғанда қарап тұрды. Сейфте шамамен 100 мың доллар бар деген жорамалы болмады. Онда небәрі 30 мың доллар жатты. Қалған ақшаны Ким әлденеден секем алғандай банкке салып тастаған болатын. Бір отбасын жайратып салған олар сыртқа беттейді.

Ымырт түсе бастаған шақта бұлқына-бұлқына байлаудан босаған Юра әкесі мен әпкесінің мәйітін көре сала айғайлап көршілерге жүгіреді. Көршілер Кимнің данғарадай үлкен үйіне кіре бере сұмдық көрініске куә болды. Света мен Александрдың азаппен өлтірілген мәйітін тауып алған олар жедел жәрдем мен полицияға хабар береді. Көп ұзамай оқиға орнына келген құқық қорғаушылар қарулы шабуыл жасағандарды іздеуге кіріседі. Алайда, бірде-бір куә таппай уақыт ұттырып алады. Тығырыққа тірелген полиция қызметкерлеріне Оля есімді қыз өзі келген болатын. Оқиға болатын күні ол құрбысы Светаға келіп жолыға алмай қайтып бара жатып, түсі суық ағайларды көргенін айтады. «Олар арық маңында арақ ішіп отырған» дейді қыз. Көп ұзамай күдіктілердің көмескі бейнесі қылаң бере бастады. Сауда төңірегіндегі Кимнің таныстарын сүзіп шығу барысында Ибрагимнің де дерегі анықталды. «Түк білмейді-ау» деген Юрадан суыртпақтап сыр тартып көрген тергеуші аң-таң қалды. Бала сол күні үйге маскалы төртеу кіргені, біреуін Яша ағайға ұқсатқанын, оны әпкесі Света анық танығанын айтты. Балаға бірнеше «Яшалардың!» суретін көрсеткенде Ибрагимнің суретін «міне, Яша ағай...» деп нұқып тұрды.

Енді уақыт ұттырмай қарақшылардың жүрген жерін анықтап тұтқындау ғана қалған. Бірақ ізім-ғайым жоқ болған Ибрагимды ұстау ұзаққа созылды. Іздестіру екі жылдан астам уақытқа жалғасты. Алматыда жоқ болып шыққан оны көршілес қалалар мен республикалардан іздестіру қолға алынды. Жан-жаққа іссапарға шыққан уәкілдер Ибрагимді Тараз қаласында 1998 жылы қолға түсірді. Ал өзге топ мүшелері Алматы базарларынан тұтқындалды. Одан соң да қатыгездік жасап, екі кісіні өлтіріп, көптеген қарулы шабуыл ұйымдас-тырған қылмысты топты ауыр жаза күтіп тұрды.

1999 жылы Алматы қалалық сотында үкім оқылды. Ибрагим мен оның екі серігіне өлім жазасы тағайындалса, қалған топ мүшелеріне 20-25 жылдан қатаң режимде жазасын өтеуге үкім шығарылды.

Арман ЖУСАНБАЙ

Кіші лейтенант шеніндегі жас жігіт алыс түпкірдегі ауылға «учасковой» болып келгенде, баландығын көрінуе көзтүрткі ғып, «осы не істей қояды» дегендей мұрнын шүйіре қараушылар болмады деймісіз! Болды, әрине. Тек әнебір жайттан кейін ғана ондайлар аяғын тартып басты емес пе?

Мұқтаждықтың өзін бас пайдасына жарата қояр пысықайлардікі не, осы? Олардыкі де «жау жағадан алғанда, бәрі етектен тартадының» кері, жи-ренерлік-ақ тірлік. Тіпті, мұнда тұрған ештеңе жоқтай көрінер. Бірақ, қара халықтың қанын сүлікше сорғандардың ұяты жып тастап, қапталдаса қасында жүріп-ақ арам пифылын жүзеге асыруы үйреншікті жайға айналды. Мына оқиға соның бірі ғана.

Бәрі де ойда жоқта болды. Қарақия ауылының зейнеткерлері бір күн емес,

зейнетақысын айма-ай үзбей алып жүргенін анықтап алды. Бідрәлінің әкесі де құр қол емес екен.

Осылай күн артынан күн өтіп жатты. Алайда, жағдай әлі де бәз қалпынша. Шал-кемпірлер таң атар атпастан байланыс үйіне бірденеден құр қалардай әр тараптан андыздай жетіп, саудадан тұрап азын-аулақ қаражатты қылдай бөлісіп, бұйырғанын алады да кетеді. Үлгермегеніне түк те жоқ...

Бірде оншақты кемпір пошта үйінен әлденеге шәт-шалеккей шыға бүлініп, даурығыса шықты да, сол тобымен ауылдық кеңес үйін бетке алып, аяғын жеделдетте басты. Әдеттегі жайға айналып, мұндайға әбден еті үйреніп, көзі қаныққан соң ба, көше қиылысында ошарылып тұрған ер-азаматтар «Әне, кемпірлер тағы да көтеріліске

тыншу тартыпты. Ана бір жолы Бошай осындағы орталық әмбебап дүкеннің сатушысы Салиханьң монтер Мәкенді іздеп қайта-қайта поштаға келгіштеп жүргенін байқап, көңіліне күдік алған еді. Ал бұл жолғы келісінде екі-үш жап-жас қыздың «Мәкен ағай, сізді бір минутқа бола ма...» деп оңашалап сөйлесіп, сол бойда ұмар-жұмар болып бүйірдегі бір бөлмеге кіріп кеткенін көріп қалды. Үйлі-баранды, мамандығы бар болғаны монтер жігіттің мына қыздарға емешесі үзілердей қандай қажеті болды? Мұнда бір гәп бар сияқты. Не әлгілердің үстіне баса көктеп кіріп барудың, не Мәкеннің «жеке қабылдауына» жазылудың жөнін таппай есік алдында аз-кем бөленген. Бұл оқыстан кіріп келгенде, түпкірдегі бөлмеде анысыз жалғыз отырған Мәкен алдындағы зейнет

ЗЕЙНЕТАҚЫ ДАУЫ

екі күн емес, табаны күректей екі ай бойы пошта алдын бермей, алашақ зейнетақысын ала алмай сабылсып жүрді де алды. Мұны әдеттегі жайдың біріне сайып, көңіл аударып, назар жыққан пенде болсайшы! Енді ше... пошта бастығы «Дүкендерден осы күні ақша аз түседі. Қайсыбіріңе жетсін ол!» деп аузын қу шөппен сүрте берген соң, қарақиялық қариялар мұны қымбатшылық қаумалап келіп қалған тұстағы өтпелі кезеңнің әлегі ғой десіп, көнбістік танытқан. «Е-е, бүгін болмаса, ертең болар – ақырын күтелік» десіп сабыр сақтаған сыңайлы. Бәрі де осылай жалғаса берер ме еді...

Әлгі... Қайда барса да сыртында «пресса», ал ішіне «аудандық газеттің» штаттан тыс тілшісі» деп жазылған, шет-шеті жырымдалып, әбден тозған қызыл куәлігін жылтындатып, базбіреулерге доқ көрсетіп, одан қалды жоқ жерден дау іздеп, жұртты қырықшып қырықтырумен жүретін Кемелбек «Менің Шопакбайдан қай жерім кем? Көзім қитар ма, мұрным қисық па, әлде... Ол неге алдыңғы айдағы «пенсисің» түп-түгел алады?» деп шу шығарған жоқ па? Осы сөзіне «Поштада жемқорлар отыр» дегенді қосып, салбыраған ұзын мұртын би-паздай бір сипап қойды.

Бүгін де байланыс бөлімшесінің маңына ертемен жиылған жұрт Бошай млісаның төбесі көрінгеннен бір жақсылық болар деп үміттеніп, жапырыла қозғалысып, тұс-тұстан дауыстап мұң шаққандай әлпет танытқан. Кіші лейтенант не десін? Істің анық-қанығына көз жеткізбей жатып, «пәлен» деп кесіп айту, «жарылқаймын» деп қарияға жар салу оның да бойына шақ ғадет емес-ті. Әйтсе де, осылай кезекке ошарылудың (жер-жерде жиі орын ала бастаса да) түбінде бір «кәкір» бардай көрінген. Не нәрсеге де көнбіс ауыл адамдарының кем-кетігін, жоқ-жітігін түгендеп, мұқтажына ынта-шынтысымен қарайласу орнына пошта бастығының «беттен алып, төске шауып» тұрғаны да Бошайдың күдігін қуолата түскен. «Кембағал қарттарға қолдан келіп жатса, ең алдымен жәрдем етеміз» деген секілді жылы сөзін арнап, жайдары қабақ таныта салса, не етеді. Ал ол болса «Ақша жоқ, өл дейсіздер ме маған. Тіпті, мына тұрған өз жақындырыма да, оны қойып өз еңбек жұмымыма да айлыққа ақша жоқ болып тұр. Сіздер дүкеннен түскенін түскеніне қашқып алып отырсыздар ғой...» дегенді жиі айтады екен.

Шынында да пошта бастығы Бідрәлінің зейнет жасындағы әкесі де, жақын туыс болып келетін басқа қарттар да сол төңіректі айналшықтап шықпай жүргені былайғы елге едәуір тоқтам салғандай-ды. Бідрәлінің жанындағы жүздіктің көзінен өткендей Мәкен деген монтер жігіттің өзі ешкім тақындап сұрап жатпаса да, «Мен де осы жерде істей тұра жалғыз шешемнің зейнетпұлын үш ай бойы ала алмай жүргенім жоқ па?» – деп көрінуе дызалақтаған болды. Сөйтсе де, оның жүзінде қаражатқа мұқтаждықтан туған қиналыстың нышаны да жоқ еді. Мұның барлығы да серке, сезімтал Бошайды ойландыра түсті... Аға лейтенант осы бір ойына күдік алған ісінің түйтікілін тарқатуға ілік боларлық бірденені қалай тапсам деп күн-түнін сарп етіп, ізденуге көшкен. Байқатпай Мәкеннің анасының



шықты» деп бір ду етісіп басылды. Әдеттегі жайтты әзілге айналдырған сыңайлары. Десе де, әлгі топтың екпіні қатты еді. Олар кеңсеге кіре берісте сәл аялдап, өзара әлденені пысықтап, ауылдық кеңес басшысына не айтты, не қоятындарын ойлап тұрғанда, анадай жерден Бошайды көріп қалды.

– Әй-и, мліса бала, бермен келші, – деді орталарындағы жасы үлкендеуі. – Есіттің бе? Зейнетақыны тамыр-танысқа үлестіру деген не сұмдық тағы... Одан өкімет те «нәлек» алмайды. Қариялардың өмір бойғы еңбегінің жемісі ол. Ал мынау не? Бұған қаржы тапшылығы ғана сылтау болса, бір сәрі...

Иә, рас, мұның бір шикілігі бар. Оны бұрыннан беймәлімдеу түйсікпен зерделеп жүрген Бошайға мына жайт түрткі де болды. Мұның анық-қанығын білуді кешіктіре берсе, «көрікті қызған кезінде» соға алмай қалары анық. Әлгі кісілерді кабинетіне шақырып, оңаша әңгімелесіп, біраз жайды анықтап алды. Қалай әрекет ету керегін де ойласты. Енді барлығы алақанға салғандай айқын болды емес пе?

Бүгін де... поштаға кіреберісте қарақиялық зейнеткерлер бәз-баяғы қалпы иін тіресіп тұр. Олар осылай қатары онша сөтінемей, үш-төрт ай кезегін күтісіп, «ескерткішке» айналып кеткендей. Бәр-бәрінің де жүзінен көнбістік, шаршап, әйтеуір бір нәрседен үміт үзбеушілік байқалады. Әу басында бәрі де «пенсиеміз» көп болса, бірер күн кешігер, үкімет өлтірмес деп сенген. Пошташылардың уәдесі ашы ішектей созылып бара жатқанда «әу, біз мынадай өсіп-өркендеп, нұрлы болашаққа беттеп бара жатқан елміз. Мына тірліктерің мәдениеттілік емес» деп дауыс көтеріп, басшылардың шаңын қағып, басасаулық танытқандар да болған. Алайда, олардың да осы үш-төрт ай ішінде аудан орталығынан екі жүз шақырым қиян-алыс түпкірде жатқан ауылда өкіметтің өлсең аузыңа су тамызбайтынына көзі әбден жетіп, «жыны» басылған сыңайлы. Өрісте от оттаудан қалып, шыбындап, бір-бірінің көлеңкесіне басын тыға ұйлығып, үйездеген малдай

алу жөніндегі тіркеу кітабының бетін жауып та үлгермей, оны тартпаға салуға әрекеттенді. Алайда, тартпа сол бойда талайым суырылып кетіп, аузы-мұрнынан шыға толтырылған қызыл, жасыл ақшаның бопырап, еденге қауырсындай шашылып кеткен... Мәкен... қып-қызыл болып, не істерін білмей, дымы құрып, орнында шоқиып отырды да қалды. Мәкен, Бідрәлі, сосын... тіркеу кітабына ең соңғы болып қол қойған екі жас қыз тіркеу пунктіне шақырылды. Әрі-бері тергеп, сұрап көргенде, ол екеуі де шындықтың бетін бүркемелеуге ары жетпей, беттерін баса солқылдап жылап қоя берді.

– Сонда біз де пара берген болып шығамыз ба? Зейнетақыны әр мыңдығының үстіне екі жүз теңгеден берсеңдер, бір демде-ақ қолдарыңа тигізем деген Мәкен ағаның өзі ғой, – десті.

Осындай жолмен шамалы баюды ойлаған Мәкен-монтер тікелей Бідрәлінің нұсқауымен жұмыс істегенін бұлтартпас дәлелдерден кейін мойындауға мәжбүр болды. Белгілі болғанындай, Бідрәлінің әкесі, туыстары да бұл әрекетті құптап, қолдарынан келгенше көмектестіні болып келіскен екен. Алыс түпкірдегі Қарақия ауылында ұзын саны бес жүздей зейнеткер бар. Соның бәрінің бас-басынан мың, екі мың теңгеден алым алғанда... Ойбай, бұл дегенің қиуар ақша ғой! Ал қаладағы базарларға қатынап сауда жасайтын елу шақты әйелдің «пенсисің» Бідрәлінің өзі апарып беріп, бұл қызметі үшін бес мың теңгеден ұстап қалатын көрінеді. Зейнетақыны осылай бір таратқан күннің өзінде поштадан теңге Бідрәлінің қалтасында қала береді екен.

«Дәніккен қарсақ құлағымен ің қазары» дегендей... ақшаға, дүниеге қызығушылық кейде осылай ар, иман, адамгершілікті ұмыттыратынына осы жолы көзі жетті Бошайдың. Содан бөлайғы жерде ол қылмыстың болмашы нәрседен белең алып, өрттей қаулайтынын мықтап жадына түйген еді.

Ахмет БАЙМАҒАНБЕТ